ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 87 (3914)
20 қараша 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ: КЕПІЛДІКТЕН НӘТИЖЕГЕ ДЕЙІН



Балалық шақ – күтіп тұратын кезең емес. Бүгін көрсетілмеген көмек, уақытында жасалмаған оңалту, назардан тыс қалған қауіп ертең орны толмас өкінішке айналуы мүмкін. Сондықтан балаларға қатысты мемлекеттік саясаттың тиімділігін қабылданған заңдар мен өткізілген іс-шаралардың санымен емес, әр баланың өмірінде болған нақты өзгерістермен бағалау қажет.

(Жалғасы 3-бетте)

МІНБЕР

АЗАМАТТАРДЫ ЗИЯНДЫ КОНТЕНТТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Цифрлық кеңістік бүгінде ақпарат алмасудың ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырудың, білім мен тәжірибе таратудың, тіпті адамдардың күнделікті өміріне тікелей ықпал етудің негізгі алаңына айналды. Әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалардың мүмкіндігі артқан сайын, ондағы ақпараттың сапасы, пайдаланушылардың қауіпсіздігі және контент таратушылардың жауапкершілігі де өзекті бола түсті. Әсіресе, балаларды зиянды ақпараттан қорғау, жалған білім мен жалған кеңестің таралуына тосқауыл қою – мемлекет назарынан тыс қалмауға тиіс мәселе. Бұл тұрғыдан алғанда, Құрылтай отырысында қаралған онлайн-платформалар мен масс-медиа мәселелеріне қатысты заң жобаларының маңызы зор.

Заң жобалары бойынша ұсынылып отырған түзетулердің ауқымы кең. Атап айтқанда, жедел хабар алмасу сервистерін қоспағанда, 16 жасқа дейінгі балаларды әлеуметтік желілерде тіркеуге тыйым салу, онлайн-платформалардың Қазақстандағы өкілдіктерін міндетті есептік тіркеу, бес мыңнан астам жазылушысы бар пайдаланушылардың тізілімін жүргізу, аудиовизуалды платформалардың қызметін реттеу көзделген.

Сонымен қатар білім беру курстары мен оқыту материалдарын тарататын пайдаланушыларға тиісті біліктілігін растайтын диплом немесе сертификат туралы мәлімет ұсыну міндеті жүктелмек. Оккультттік қызметтер туралы контенттің ғылыми немесе практикалық тұрғыдан расталмағаны және ойын-сауық сипатында екені жөнінде ескерту орналастыру талап етіледі.

Бұдан бөлек, заңға қайшы контент таратқаны үшін онлайн-платформалардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу, уәкілетті органның заңсыз контентті жою жөніндегі нұсқамаларын орындамағаны үшін жауапкершілік енгізу, бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларда балағат сөздер қолдануға қатысты нормаларды бекіту ұсынылған.

Заң жобасын талқылау барысында депутаттар балалардың әлеуметтік желілерге қол жеткізуін шектеу бастамасын қолдай отырып, оның қолданылу аясын нақтылау қажеттігін көтерді.

(Жалғасы 3-бетте)

КЕЛБЕТ

Адамзат баласының барлығы бірдей болғанымен, халық арасында ерен еңбегімен ерекшеленіп, білім-білігімен дараланып, жұлдызы ерекше жанып, кейінгі жастарға үлгі болып жүрген тұлғалар аз емес. Солардың бірі де бірегейі – еліміздің біртуар азаматы, білім, ғылым, руханият салаларының дамуына ерекше еңбек сіңіріп жүрген дос-бауырым, өнегелі ұстаз-ғалым ЖҰМАҒҰЛОВ Болат Сағидоллаұлы.

ДОСТЫҚҚА – БЕРІК, ЖАҚСЫҒА – СЕРІК АЗАМАТ

Мен білетін Бөкең – Алланың көтерген биігінен төмендемей, кең дүниені тарылтпайтын кеңпейіл азамат. Жаны таза, жүрегі ақ, дос-бауыр мен ағайынға құшағы ашық, ағаларына адал, інілеріне қамқор, жаратылысы бөлек тұлғалы жан. Алыстағы Атыраудан Алматыға келіп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіріп, еңбек жолын қатардағы мұражай қызметкерінен бастап, жоғары мектеп саласында мол табыстарға жетті.

Екеуміздің достығымыз қызығы мол студенттік шақтан бастау алады. Сонау 80-інші жылдардан жақын араласып, бозбала шақтағы таныстығымыз уақыт өте келе әріптестіктен достыққа, достықтан бауырлық, отбасылық жылы қарым-қатынасқа ұласып кетті.

Әр адам дүниеге келгеннен кейін өміріндегі сырын, мұң-шерін тарқатып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін дос іздейтіні анық. Себебі адамның өмірде жүрген жолы, салған ізі өзінің қоршаған ортасына көп байланысты. Яғни, ойы мен санасы бір, көзқарасы мен пікірі ортақ жандар ғана бір-бірімен дос болуға бейім келеді. «Дос – көңілдің күмбезі» дейді халық. Шынында да, өмірдің кез келген сәтінде адамға сүйеніш, демеу болатын, жанын түсініп, қолдау көрсетіп жүретін айнымас, адал дос керек. Қуанып, жабыққанда досыңа арқа сүйеп, ешкімге айтпаған сырыңды досыңа айтасың. Бұл ретте Бөкең – Алланың өзі табыстырған шынайы досым, етжақын сырласымның бірі.

Менің осы жасқа дейін шыққан шыңым, алған қамалым, жеткен дәрежем, отбасын құрып, қыз-ұл өсіріп, немере-шөбере сүйген өмірлік жолымда жанымдағы достарымның алатын орны бір бөлек.



Талай белестен өтіп, қандай жетістіктерге жетсем де әр уақытта Бөкеңдей достарымның қолдауын сезініп келемін. Осындай нағыз достар барлық кезде тілекшім болып, достықтың туын жықпады. Сол үшін де мен әрқашан өзімнің адал достарымды мақтан тұтамын. Өмірде өзіңді іздейтін, өзің іздейтін жан досыңның болғаны қандай жақсы!

Ел танитын, өзіміз араласқан көпшілікке жол көрсете алатын ағалық жасқа жеткенше біз өмірдің ащы-тұщысын да бірге таттық, осылайша бір-бірімізге тірек бола білдік, ысылдық, өзіміз аңсаған биіктерге бірге қол жеткіздік.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАҢҒЫРЫҚ

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ ТАҒДЫРЛАР

Жаркенттік желтоқсан ардагері ИБРАЙЫМЖАНОВ Қалидың ызғарлы желтоқсан жайлы естелік жазбасынан тек өзінің ғана емес, сол күндері әр өңірден келген жас қырандардың қилы-қилы тағдырымен таныса аласыздар.

Қиналған сәтте паналап келген жастарға қолұшын беріп, адамгершіліктің үлгісін көрсете білген Әнуар аға мен Әйкен тәтелердің бойынан сұңғыла тектіліктің қасиеттерін көре аласыздар.

Естеліктерді жазудағы мақсатымыз желтоқсан көтерілісіндегі жастар ерлігін бағаласа, бабалар армандаған, арыстарымыз негізін қалаған, қыршын жастардың қанымен келген тәуелсіздікті бүгінгі ұрпақ қадірлей білсе деген ой ғана.



1986 жылдың күзі. Азаматтық борышымды өтеп келіп, Алматыдағы Технология институты филиалына (бұрынғы АФДТИЛПП) студент болып қабылдандым. Кеңес әскері қатарында өз міндетімді абыроймен атқардым, сержант болдым, мақтау қағаздарым бар, бөлім командирі жоғарғы оқу орнына түсуге жеңілдігі бар «Рекомендательное письмоны» өз қолымен табыс еткен еді. Сөйтіп, қызығы мен қуанышы мол студенттік өмір басталып та кетті. «Орбита» ықшам ауданынан жатақхана алдық. Шағын бөлмеде жерлесім – Жаркенттің Көктал ауылынан Нартбаев Сайлау, Гурьевтің (Атырау) Индер ауданынан Қағазов Қизат, сол Алматының жақын маңайынан Каранов Тілек, бәріміз бірге тұрдық. Төртеуміз де әскерге барып келгенбіз. Сабақ басталды. «Вышмат», «Сопромат», «История КПСС», т.б. пәндер жүреді, бәрі орыс тілінде, біраз қиындау. Уақыт зымырап, көзді ашып-жұмғанша жаңа жылға да аз қалды...

Бүгін – 16 желтоқсан... Иә, бұл күн ашық күнгі түскен найзағайдай «Жарқ!» етіп, жадымызда мәңгі сақталып қалды. Әдеттегідей таңғы асымызды ішіп, оқу корпусына бару үшін аялдамадан №91 автобусқа отырып тартып кеттік. Аудиториядамыз, уақытымен сабағымыз да басталды. Біраз уақыттан соң сабаққа кешігіп келген семейлік бір жігіт «Көшеде қазақтар топ-топ болып қаптап жүр, қолдарында плакат, орталық алаңға кетіп барады» деді.

Біз онша мән бере қоймадық. Сәлден соң көше жақтан көп адамдар дабыры, машиналар тежегішінің ысылы, сигналдар дауысы үдеп, азан-қазан болған, жайсыз жағдай күшейе түсті. Сабақ жайына қалып, бәріміз терезеге ұмтылдық.

(Жалғасы 8-бетте)

КЕЛБЕТ

ДОСТЫҚҚА – БЕРІК, ЖАҚСЫҒА – СЕРІК АЗАМАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Болат Сағидоллаұлы – бүгінгі күні өзі білім алған, ғалым болып қалыптасқан қара шаңырақ үшін абыройлы істер атқарып, тамыры текті ата-бабамыздан дарыған адами жақсы қасиеттерімен халыққа қалтқысыз қызмет атқарып келе жатыр. Оның еңбектері тарих ғылымын насихаттауға, ұлтымыздың өткенін танып, салт-санасын қалыптастыруға, еліміздің рухани жаңғыруына, тарихымыздың түгенделуіне айрықша үлес қосып келеді.

Отандық педагогикалық білім мен ғылымның қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Тарих және құқық институтын талай жыл басқарып, үлкен ғылыми жобаларды іске асырып, білімді шәкірттерімен өзіндік ғылыми мектеп құрып, тәжірибелі ұстаз-ғалым, болмысы бекзат, пейілі кең, білікті басшы ретінде зиялы қауым арасында орны дараланып тұрады. Әлі де осы оқу орнында профессор болып жемісті жұмыс жасап жүр.

Бөкеңнің ғылымдағы қолтаңбасы да ерекше. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты мен Қазақстанның батыс өңіріндегі шаруалардың қарсыласу қозғалыстары тарихын, Батыс Қазақстандағы қала халқының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуы мәселелерін зерттеумен терең айналысып, көптеген ғылыми мақалалар мен жинақтар шығарды. Кейін Батыс Қазақстанның әскери тарихы және Атырау өңірінің өткенін қамтитын бірнеше томдық академиялық үлкен жобаларға атсалысып, туған өлкесінің тарихын жандандыруда көрегендік танытып, бар білімі мен тәжірибесін еліне арнады.

Тарих ғылымында оның атқарып жүрген ауқымды еңбектері ғылыми ортада мойындалып, өз бағасын алып, әр жылдары құрметті атақтар мен марапаттарға лайық деп танылды. Соның бір айғағы, еліміздің жоғары білім беру жүйесіндегі ғылыми еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары, сондай-ақ қоғамдық жұмыстардағы жоғары жетістіктері үшін ол «Құрмет» орденімен марапатталды.

Болат Сағидоллаұлы қандай жоғары лауазымды қызметтер атқарса да, білікті басшы болып, ғалым ретінде түрлі атақ-марапаттарға қол жеткізсе де қарапайым ұстаздық етуден еш жалыққан емес. «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген бар, шынында да өзінің табандылығымен, ізденімпаздығымен биік белестерді бағындырып, ұлағатты ұстаз деген атақты алып шығу, білім жолындағы ұрпаққа жақсы тәрбие мен білім беру – үлкен ерлік. Ұстаздықты жанына серік еткен Бөкеңнің бойындағы зерделі қасиеттері мен жемісті еңбегі ағайын-туысқа ғана емес, әрдайым өзімен қанаттас жүрген әріптестері мен тілектес дос-жарандары, шәкірттері үшін зор мақтаныш. Өз басым Болаттай жайсаң азаматпен әріптес-дос болғаныма дән ризамын.

Болат Сағидоллаұлы қандай жоғары лауазымды қызметтер атқарса да, білікті басшы болып, ғалым ретінде түрлі атақ-марапаттарға қол жеткізсе де қарапайым ұстаздық етуден еш жалыққан емес. «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген бар, шынында да өзінің табандылығымен, ізденімпаздығымен биік белестерді бағындырып, ұлағатты ұстаз деген атақты алып шығу, білім жолындағы ұрпаққа жақсы тәрбие мен білім беру – үлкен ерлік. Ұстаздықты жанына серік еткен Бөкеңнің бойындағы зерделі қасиеттері мен жемісті еңбегі ағайын-туысқа ғана емес, әрдайым өзімен қанаттас жүрген әріптестері мен тілектес дос-жарандары, шәкірттері үшін зор мақтаныш.

Адами, достық қарым-қатынастарды көңіл пернесі мен жүрек қылы арқылы сезіне білетін Болаттай бекзат азаматты мансап та, атақ-даңқ та өзгерткен жоқ. Есесіне ол өмір жолының әр баспалдағы сайын парасат биігіне көтеріліп, ұлтына шексіз берілген азамат ретінде, ғылымда табысты, өз ортасында қашан да абыройлы болып жүр. Бөкеңнің әрбір нәтижелі ісіне, әрбір жетістігіне әріптес, досы ретінде шын қуанып жүремін. Ешқашан кеуде керіп мақтанбайтын, жүрегі таза, кішіпейіл, қарапайым адам ретінде өзін өзгелермен тең ұстай білетін қасиеттері – айналасындағы жұртқа өнеге-үлгі.

«Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар» деген даналықты бойына сіңіріп өскен Бөкең ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, мыңдаған шәкіртін, өзінің ұл-қыздары мен немерелерін қазақы таныммен өсіріп, жетілдіріп, ел қатарына қосып келеді. Ата салты мен жолын жетік білетін тарихшы ретінде айналадағы шәкірттеріне шынайы жүрекпен, мейіріммен қарайтынын өз басым жоғары бағалаймын. Сондықтан Болат Сағидоллаұлы сынды тұлғалы ұстаздың өмірдегі басты ұстанымы – адамгершілік.

Адамгершілік, адалдық, достықты жоғары қоятын Бөкеңмен қызығы мен шыжығы мол студенттік кезден мен, Махмұд Қасымбеков, Жанкелді Қалқаманов, Қалыбек Қобыландин, Ғани Қарасаев бәріміз бірге жүрдік. Сірә, бізді табыстырған бүкіл қазақтың тамыры саналатын ауылда туып-өскендігіміз болар. Ал Бөкең екеуміздің осындай жақын болуымызға екеуміздің де атаның бауырында тәрбиеленуіміз әсер етті. Менің Исабай әкем Болатты балам деп ерекше жақсы көрді. Әр келген сайын батасын беріп, достығымызға ырза болып, ақсақалдық-қариялық шын тілегін айтып отыратын. Бөкең де Исекеңді айрықша қадір тұтты.

Қазір Бөкеңнің өзі де абыройлы ел ағасы ретінде төрден орын алып, кейінгі буынға ақ батасын беріп, жастарға ақыл-кеңесін айтып, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, сый-құрметке бөленіп жүр. Сонысымен замандастары, туған-туыстары, әріптестері, шәкірттері сыйлайтын еліміздің еңселі азаматы атанды. Өзін үнемі сергек ұстайтын ол жұмыстан қолы қалт етсе отбасымен, ағайындарымен, достарымен бірге табиғат аясына шығып, аңшылық-саяқшылық құрып, серуендеуді жаны жақсы көреді. Бөкеңнің өмірлік жан серігі, отбасының Ару анасы – Алиша қасиетті Аспантау өңірінің тумасы, Хан тәңірі етегіндегі Нарынқолдың қызы. Екеуі үш ұл, бір қыз тәрбиелеп, олардан алтындай немерелер сүйіп, қадірлі ата-әже болып отыр.

Қашан да достыққа – берік, жақсыға – серік болып жүрген дос-бауырым Болат Сағидоллаұлының адам өміріндегі мерейлі белесті бағындыруымен ізгі ниет, шынайы ықыласпен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына бақ-береке тілеймін!

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ аграрлық ғылым академиясының президенті,
ҚР ҰҒА Академигі,
әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

БЕЗБЕН

ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НӘТИЖЕСІ ОҢ

Ұлттық Антифрод-орталық 130 млрд теңгені алаяқтардан қорғап, дер кезінде бұғаттай алды. Ішкі істер министрлігі күрделі алаяқтық әрекеттерді талдау және анықтау үшін NBK AIPlatform жасанды интеллект платформасының мүмкіндіктерін қолданады. Ұлттық банктің биометриялық сәйкестендіру сервистері азаматтардың цифрлық қаржы қызметтерін қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл сервистер арқылы ай сайын 4 млн-ға жуық операция өңделеді.



Бас прокуратураның мәліметінше, биыл тоғыз айда қаржылық алаяқтық көлемі 20 пайыздан астамға төмендеді. Мұндай төмендеу 2020 жылдан бері алғаш рет тіркеліп отыр. Бұл Алматыда өткен Қазақстан қаржыгерлерінің XIV конгресінде айтылды.

«Алаяқтық – бізді алаңдатып отырған өте өзекті мәселенің бірі. Соңғы жылдары банктермен және құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, бірқатар кешенді шаралар жүйесін енгіздік. Соның бірі – банктердің өзара іс-қимылын біріктіретін Ұлттық антифрод орталығының іске қосылуы. Кейінгі бір жарым жыл көлемінде банктермен бірлескен әрекеттер барысында 132 млрд теңгені алаяқтардан сақтадық. Яғни, банк клиенттерінің осынша қаражатын сақтап қалуға мүмкіндік туды. Қазір Ұлттық антифрод орталығында 220 мыңнан астам инцидент тіркелді, 68 мыңға жуық күдікті шот базасы жасақталды, алаяқтыққа қатысы бар деген 18-19 мың тұлғаның базасы қалыптасты», – дейді Ұлттық банктің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаментінің директоры Ерлан Ашықбеков.

Оның айтуынша, орталық арқылы Ішкі істер министрлігінің аумақтық департаменттерінің жұмысы үйлестірілген. Егер алаяқтық орын алса, азамат дереу өз банкіне немесе құқық қорғау органына хабар беруі керек. Мәлімет Антифрод орталығына түскен бойда бүкіл банк жүйесінде алаяқтық операцияларды бұғаттау шарасы жедел жүзеге асады.

Қаржылық алаяқтықтың ең кең тараған түрі дегенде ең алдымен жалған сауда операцияларын айтуға болады. Екіншісі, телефон алаяқтығы және әлеуметтік инженерия. Сондықтан біз Antifraud.kz жаңа сервисін аштық. Кез келген азамат электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жеке кабинетіне кіріп, өзіне қатысты істі қай орган қарап жатқанын, қай банкте қанша қаражат бұғатталғанын біле алады.

Банктерді бизнесті қаржыландыруға ынталандыру жұмысы өз нәтижесін беруде

– Біз банктерді тұтынушылық кредиттеуден гөрі, бизнесті қаржыландыруға көбірек ынталандыру бағытында жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы мақсатта қайта қарадық. Біздің мақсатымыз – банктердің бизнесті кредиттеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету», – деді конгресте сөйлеген сөзінде Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов.

Бас банкирдің сөзіне қарағанда, «Банктер туралы» жаңа заң Үкіметпен және Парламентпен бірлесіп, заңнамаға бірқатар өзгеріс енгізілді. Соның нәтижесінде банктердің бизнесті кредиттеуден түсетін табысына 20%, ал өзге табысына 25% мөлшерінде салық салу көзделді. Осылайша, бизнесті кредиттеу үшін неғұрлым қолайлы салық шарты жасалды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, банктердің кәсіпорындарды кредиттеу мүмкіндігін кеңейту үшін бірқатар пруденциялық реттеу шарасы қабылданды. Біз артық өтімділікті азайту, ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру және банктерді экономиканы кредиттеуге қосымша ынталандыру мақсатында ең төменгі резервтік талаптарды әзірлеу және цифрлық активтер индустриясын қалыптастыру бағытында елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Қазақстан әлемде алғашқылардың бірі болып цифрлық активтер саласын жан-жақты реттейтін құқықтық негіз қалыптастырды. Ол криптовалюталардың заңды айналымынан бастап нақты активтерді токендеуге дейінгі барлық негізгі бағытты қамтиды. Биыл 1 мамырдан бастап құқықтық база толық күшіне енді. Сонымен қатар, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі базасында қажетті тізілімдер мен ұлттық криптокастодиан сияқты қажетті инфрақұрылым құрылды. KASE токендеу платформасын және цифрлық активтерге арналған сауда платформасын іске қосты. Ұлттық крипторезерв іске қосылды.

Мемлекет басшысының Цифрлық активтерді дамыту туралы Жарлыққа қол қоюы маңызды кезең болды. Бұл негізінен – цифрлық қаржы саласын дамытудың ұлттық стратегиясы. Жарлық цифрлық активтер саласының ұлттық институционалдық негізін нығайтумен қатар, криптовалюта айналымына қолайлы салық режимін енгізуге және активтерді токендеуге негізделген экономиканы заң аясында дамытуға әрі реттеуге жол ашты. Шілдеде алғашқы криптоайырбастау пункті лицензиясы берілді. Қазір елде 8 ресми криптоайырбастау пункті жұмыс істейді. Бүгінде олардың айналымы 45 млрд теңгені құрады.

Ұлттық банк төрағасының айтуынша, нақты активтерді – жылжымайтын мүлікті, қымбат металдар, пайдалы қазбалар мен тағы басқаларды токендеуге ерекше назар аударылды. Шын мәнінде, токендеу активтің кез келген түрін қаржы құралына айналдырады. Бірінші санаттағы төлем ұйымдарының жаңа институты іске қосылды. Бұлар – Ұлттық банктің есеп айырысу инфрақұрылымын пайдалана алатын, іс жүзінде «төлем банктері» қызметін атқаратын ұйымдар. Олар дәстүрлі банктермен бәсекеге түседі. Бұл қаржы саласындағы бәсекені күшейтіп, оның дамуын жеделдетуге мүмкіндік береді. Ұлттық банк Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, Қор нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы және «Капитал нарығы туралы» заң жобасы әзірленді.

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы Кеңесінің төрағасы Елена Бахмутованың сөзіне қарағанда, регулятор көп болған кезде, бұл түрлі көзқарас қалыптастырады. Қазір жаңа өнімдер мен жаңа шешімдер қабылданып, нарыққа жылдам әсер етуге мүмкіндік береді. Ғаламдық нарыққа шығатын компаниялар түрлі елдердің реттеушілерімен кездеседі және олардың жергілікті ережелерімен жұмыс істейді.

«Қазақстан ішінде төрт реттеуші бар. Біз үшін ең маңыздысы – заңнамалық бастамаларға жылдам бейімделу және кәсіби пайымдау жасауға, яғни бағалау жүргізуге мүмкіндік болуы. Қаржы компаниялары ретінде өзара емес, клиенттер үшін және реттеушілер арасында да бәсекелестіктің барын көріп отырмыз. Біз үшін ең бастысы – заңнамалық және нормативтік деңгейде ортақ түсінік қалыптастыру. Салық заңнамасы, бағалы қағаздар нарығы немесе цифрлық активтер бойынша бастамаларды әзірлеген кезде, заң қабылданбай тұрып талқылау жүргізіп, реттеушілер арасында бірыңғай ұстаным болуы керек. Сонымен қатар, қаржылық тұрақтылықты сақтап, тұтынушылардың құқығын қорғауымыз қажет. Дағдарыс кезеңдерінің тәжірибесі көрсеткендей, соңында салық төлеушілер мен мемлекет жауапты болып қалады. Сондықтан барлық тәуекелдер теңгерімді болуы тиіс» – дейді Қазақстан халық банкінің Басқарма төрағасы Үміт Шаяхметова.

Оның пайымдауынша, нарық қатысушылары арасында регуляторлық арбитраж болмауы керек: қазақстандық топтар мен сырттан келетін қаржы ұйымдары арасында немесе АХҚО-ға жаңадан келгендер мен бұрыннан қор биржасында жұмыс істейтіндер арасында теңсіздік туындамауы қажет. Егер біз Қазақстан қор биржасы мен АХҚО арасында немесе ертең Алматы қаласының қаржы орталығы аясында арбитражға жол берсек, бизнес тиімді жолдарды іздеп, өз өнімін сонда ауыстыра бастайды. Бұл жерде теңгерімді сақтап, жүйеде артық тәуекелдерді жинақтамауымыз керек. Реттеушілер арасында да ортақ түсінік болуы маңызды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ: КЕПІЛДІКТЕН НӘТИЖЕГЕ ДЕЙІН

(Соңы. Басы 1-бетте)



Құрылтайда өткен Үкімет сағатында «Қазақстан балалары» тұжырымдамасының іске асырылу барысы талқыланып, балалардың құқығын қорғау бағытындағы жүйелі жұмыстармен қатар, әлі де шешімін күткен мәселелер ашық айтылды.

Қазіргі таңда елімізде жеті миллионға жуық бала бар. Бұл – Қазақстан халқының үштен бірі. Демек, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесі әлеуметтік саясаттың жекелеген бағыты ғана емес, елдің болашағын айқындайтын стратегиялық міндет. Президент тапсырмасымен бұл бағытта бірқатар маңызды бастама жүзеге асырылды. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылып, «Келешек» жүйесі енгізілді. Соңғы бес жылда мыңнан астам мектеп салынды, оқалту орталықтарының желісі кеңейді. Балалардың құқықтарын қорғауға қатысты заңнамалық база жетілдіріліп, арнайы басқармалар мен отбасын қолдау орталықтары құрылды.Осы жұмыстардың заңды жалғасы ретінде қабылданған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы балаларға қатысты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру және қауіпсіздік мәселелерін біртұтас жүйеге біріктірді.Құжатты әзірлеу барысында 71 жүйелі мәселе анықталып, оларды шешуге бағытталған 158 іс-шара мен 10 нысаналы индикатор белгіленді.

Үкімет сағатында депутаттар іс-шараның орындалуы, тиісті механизмнің енгізілуі және нақты нәтижеге қол жеткізу – бір-бірінен бөлек бағалануға тиіс үш ұғым екенін айтты. Мәселен, балаға көрсетілген зорлық-зомбылықты анықтау жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың мемлекеттік органға жолдануы жұмыстың аяқталғанын білдірмейді. Ең бастысы – сол ұсынымдар іс жүзінде қолданысқа еніп, зардап шеккен балаға дер кезінде көмек көрсетілуі керек. Демек, есеп үшін атқарылған жұмыс пен балаға пайдасы тиген нақты нәтиженің ара-жігін ажырататын уақыт келді.

Баланың қауіпсіздігі – ортақ жауапкершілік

Тұжырымдамада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты 82 іс-шара қарастырылған. Бұл бағытта бірқатар тетік енгізілгенімен, қауіптің алдын алу жұмысын әлі де күшейту қажет.Үкімет сағатында терезеден құлау, өрт, жол-көлік оқиғалары, судағы қауіпсіздік, буллинг пен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық мәселелері көтерілді. Мәселен, жаңа ғимараттардың терезелеріне арнайы қауіпсіздік құлыптарын орнату жөніндегі талап енгізілген. Алайда бұл норма негізінен жаңадан салынатын үйлерге қатысты. Ал қолданыстағы тұрғын үйлердегі қауіпсіздік мәселесі толық шешімін тапқан жоқ.

Балалардың қауіпсіздігі тек түсіндіру жұмыстарымен шектелмеуі керек. Қауіптің өзін жою маңызды. Мектеп маңындағы қауіпті өткелдерді реттеу, суға шомылатын орындарды жабдықтау, балаларды жүзуге үйрету – осындай алдын алу шараларының нақты көрінісі. Цифрлық кеңістіктегі қауіп те күн тәртібінен түскен жоқ. Балаларды интернет арқылы есірткі таратуға, дропперлікке және алаяқтық әрекеттерге тарту жағдайлары қоғамды алаңдатып отыр. Бұған қоса, жасөспірімдерге қатысты спайкинг фактілері де қосымша назар аударуды қажет етеді. Осыған байланысты Құрылтай депутаттары балалардың цифрлық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заң жобасын әзірледі. Онда онлайн-платформалар мен ойындардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды күшейту, цифрлық өнімдерді таңбалау мен верификациялау, ата-ана бақылауын енгізу секілді шаралар қарастырылған.

Инклюзия: мүмкіндік әр балаға жетуі тиіс

Үкімет сағатында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мәселесі де кеңінен талқыланды.

Мәліметтерге сүйенсек, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың есебінде 237 мың бала тұр. Оның 215 мыңы арнайы қолдаумен қамтылған. Сонымен қатар елімізде төрт мыңға жуық арнайы педагог жетіспейді. Әсіресе логопедтер мен сурдопедагогтерге сұраныс жоғары. Бұл сандар инклюзивті білім беруді дамытуда инфрақұрылыммен қатар, кәсіби мамандар даярлау мәселесін де жүйелі шешу қажеттігін көрсетеді. Осы орайда сөз алған ЖСДП фракциясының өкілі Нұрайнаш Камалова әрбір ерекше білім беруді қажет ететін баланың білім алу құқығы нақты қамтамасыз етілуі тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, мектепке қабылданған балаға кедергісіз орта, бейімделген оқу бағдарламасы және қажетті мамандардың көмегі қатар ұсынылуы қажет. Ерте қолдау шаралары баланың ерекше қажеттілігі анықталған сәттен басталуы керек.

Баланың денсаулығы мен дамуына қатысты мәселелерді ерте анықтау – уақыт күттірмейтін міндеттердің бірі. Бүгінде диагностика, түзету, оқалту және әлеуметтік көмек әртүрлі ведомстволардың жүйесінде жүзеге асырылады. Бұл кей жағдайда қызметтердің бірізді көрсетілуіне және баланың қажетті көмекті уақытында алуына кедергі келтіреді. Сондықтан депутаттар ерте араласу қызметтерінің бірыңғай маршрутын қалыптастыруды ұсынды. Бұл тұрғыда, әсіресе 0-5 жас аралығындағы балалар үшін мемлекеттік кепілдік беретін базалық қызметтер пакетін әзірлеу маңызды. Өйткені үш жастағы баланың бір жыл күтуі – оның өмірінің үштен бірін жоғалтуымен тең. Мұндай жағдайда мемлекеттік органдардың келісім рәсімдерін ұзаққа созуға құқығы жоқ. Мамандар тапшылығы да осы мәселемен тікелей байланысты.

Мұнда еңбекақы мәселесі де шешуші рөл атқарады. Жүктемесі жоғары, жауапкершілігі үлкен мамандықтарға білікті кадр тарту үшін олардың еңбек жағдайы мен жалақысын жақсарту қажет. Сонымен қатар еліміздегі 17 мыңға жуық баланың үйде білім алуы да жеке талдауды қажет етеді. Әрине, медициналық көрсетілім бойынша үйде оқыту сақталуы тиіс. Бірақ кейбір балалардың мектепте қажетті жағдайдың болмауына байланысты үйде қалуы – инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарына қайшы.

Жекеменшік балабақшалар және ауыл балаларының мүмкіндігі

Балалардың тең мүмкіндігін қамтамасыз ету мектеп табалдырығынан бұрын, мектепке дейінгі тәрбиеден басталады. Елімізде 2025 жылы 11 909 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істеген. Олардың жартысынан астамы жекеменшік секторға тиесілі. Тұжырымдама аясында қосымша 90 мың орын ашу көзделген. Осыған байланысты Respublica партиясының өкілдері жекеменшік балабақшалардың тұрақты жұмыс істеуіне және мемлекеттік тапсырыстың үздіксіз қаржыландырылуына назар аудартты. Олар бұл орайда мемлекет үшін балабақшаның меншік нысанынан бұрын, ондағы қызметтің сапасы мен қолжетімділігі маңызды болуы керектігін айрықша атап өтті. Өйткені, жекеменшік ұйымдардың жұмысын әлсірету орын тапшылығын қайта туындатуы мүмкін. Ауыл балаларының қосымша білім мен шығармашылық үйірмелерге қол жеткізуі де өзекті. Тұжырымдамада ауылдық мәдениет үйлері мен клубтар базасында тегін үйірмелер мен секциялар ашу көзделген. Бірақ олардың нақты қаншасы жұмыс істеп тұрғаны, балалардың қаншасы қамтылғаны туралы мәліметтерді жүйелі бағалау қажет. Балаға мүмкіндік беру үшін ғимарат ашу жеткіліксіз. Онда үйретін маман, қажетті құрал-жабдық және тұрақты қаржыландыру болуы керек.

Жауапкершілік пен бақылау күшейтілуі керек

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыруға 16 орталық мемлекеттік орган мен барлық өңір қатысады. Алайда оның орындалуын үйлестіруге жауапты министрліктің басқа ведомстволар мен әкімдіктерге міндетті тапсырма беру, жергілікті бюджетке немесе кадр саясатына ықпал ету мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан депутаттар ведомствоаралық үйлестіру тетігін Үкімет деңгейінде нақты бекіту қажеттігін айтты. Бұған қоса, тұжырымдаманың әрбір іс-шарасы бойынша қаржыландыру көзі, орындау мерзімі мен жауапты орган айқын болуы керек. Бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуы да ашық бақылауда болғаны жөн.

Мұнда көрсеткіштерді бағалау тәсілін өзгерту де маңызды. Мысалы, қанша балаға диагностика жүргізілгенінен гөрі, олардың қаншасы қажетті көмекті уақытында алғаны маңызды.

Ауыл баласы да назардан тыс қалмасын

Балалардың тең мүмкіндігін қамтамасыз ету тек білім беру ұйымдарымен шектелмейді. Олардың спортпен шұғылдануына, шығармашылық қабілетін дамытуына, қосымша білім алуына және оқалту қызметтеріне қол жеткізуіне де жағдай жасалуы керек. Бұл мәселені «Әділет» партиясының фракциясы көтерді. Депутаттардың пікірінше, Президент жолдауында бастау алған «Халықтық құрылыс» аясында балалар инфрақұрылымын жаңғыртуға басымдық беру маңызды. Әсіресе, ауылдар мен шалғай елді мекендердегі балалардың мүмкіндігін кеңейту қажет. Өйткені баланың сапалы үйірмеге қатысуы, спорт секциясына баруы немесе оқалту көмегін алуы оның қай өңірде тұратынына байланысты болмауы тиіс. Бұл ретте жаңа нысандар салумен қатар, олардың сапасы, жабдықталуы, мамандармен қамтылуы және балалар үшін нақты қолжетімділігі ескерілуі керек.

Тұжырымдамадағы маңызды бағыттардың бірі – баланың бірыңғай цифрлық маршрутын қалыптастыру. Оның мәні – бала дүниеге келген сәттен бастап отбасына қажетті мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік көмекті eGov арқылы проактивті түрде ұсыну. Яғни, ата-ана көмек іздеп, мекеме жағалап жүрмеуі керек. Мемлекет баланың жасына, денсаулығы мен қажеттілігіне қарай тиісті қолдау шараларын өзі ұсынатын жүйеге көшуі қажет.

Цифрлық құралдар әлеуметтік тәуекелдерді ерте анықтауға, көмекке мұқтаж балаларды дер кезінде қолдауға және көрсетілген қызметтердің нәтижесін бақылауға мүмкіндік береді. Алайда мұндай жүйелердің өзара үйлесімді жұмыс істеуі, балалардың дербес деректерінің қорғалуы және олармен жұмыс істейтін мамандардың даярлығы қатар қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте депутаттар технология адам жауапкершілігін алмастырмауы керектігін атап көрсетті. Қандай цифрлық жүйе енгізілсе де, баланың жағдайын түсініп, оған кәсіби көмек көрсете алатын маман қажет.

Сонымен бірге бала тәрбиесіндегі отбасының жауапкершілігін күшейту де маңызды. Мемлекет баланың құқығын қорғап, отбасына қолдау көрсеткенімен, оның мінезі, дүниетанымы мен құндылықтары ең алдымен отбасында қалыптасады. Сондықтан отбасы, мектеп және мемлекеттік органдардың өзара байланысы нығайып, қиын жағдайға тап болған отбасыларға көмек уақытында көрсетілуі қажет.


Үкімет сағатындағы талқылау Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғанын көрсетті. Сонымен бірге қабылданған шешімдердің орындалу сапасына, өңірлердегі қолжетімділікке, мамандар тапшылығына және ведомствоаралық үйлестіруге қатысты бірқатар мәселе бар екені де анық байқалды. Жалпы, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасының тағдыры мемлекеттік органдардың есепті қаншалықты сауатты әзірлегенімен емес, жеті миллионға жуық баланың өмірінде қандай оң өзгеріс болғанымен бағаланбақ. Өйткені бала үшін бүгін көрсетілген көмек – ертеңгі мүмкіндік.

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МІНБЕР

АЗАМАТТАРДЫ ЗИЯНДЫ КОНТЕНТТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)



Шынында да, кәмелетке толмағандарды әлеуметтік желілердегі зиянды контенттен қорғау – уақыт талабы. Алайда ұсынылып отырған нормалардың ауқымы тым кең болса, оның кері салдары да болуы мүмкін. Мәселен, әлеуметтік желілерге қойылатын шектеулер электрондық кітапханаларға, білім беру платформаларына және танымдық ресурстарға да әсер етуі ықтимал. Мұндай жағдайда балаларды қорғау мақсатында қабылданған заң олардың білім алуына, қажетті ақпаратқа қол жеткізуіне кедергі келтірмеуі керек.

Депутаттар тағы бір маңызды мәселені көтерді. Заң жобасында әлеуметтік желілерді реттеу қарастырылғанымен, 16+ және 18+ санатындағы контент таратын Telegram және WhatsApp арналарының мәселесі толық қамтылмаған. Ал балалардың мұндай ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі де назардан тыс қалмауға тиіс.

Осыған байланысты депутаттар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін контент таратын арналарға қол жеткізуін шектеуді, реттеуге жататын онлайн-платформалардың аясын нақтылауды және білім беру платформаларын бұл шектеулерден тыс қалдыруды ұсынды. Сонымен бірге баланың дербес деректерін қорғау мәселесі де назарға алынды.

Құрылтайдағы талқылаудың тағы бір маңызды бағыты – интернетте білім беру және ақпараттық контент таратын азаматтардың жауапкершілігі. Заң жобасы белгілі бір сала бойынша оқыту материалдарын жариялайтын пайдаланушылардан тиісті білімінің бар екенін растайтын диплом немесе сертификат туралы мәлімет көрсетуді талап етеді. Мұндай талаптың түпкі мақсаты – адамдарды жалған ақпараттан, біліксіз мамандардың кеңесінен және кәсіби қызмет ретінде ұсынылатын күмәнді ұсыныстардан қорғау. Алайда бұл норманы қолдану аясын нақты белгілемесе, интернеттегі кез келген бейнематериалға біліктілікті растау талабы қойылуы мүмкін.

Талқылау барысында депутаттар интернетте медициналық білімі жоқ адамдардың ем жүргізіп, өзгелерге ақыл-кеңес беріп жүргеніне де назар аударды. Мұндай әрекеттер кей жағдайда адамның денсаулығына орны толмас зиян келтіруі мүмкін. Шын мәнінде, әлеуметтік желіде өзін маман ретінде таныстырып, түрлі емдеу тәсілдерін ұсынатын, қаржылық мәселелер бойынша кепілдендірілген табыс уәде ететін немесе құқықтық кеңес беретін адамдар аз емес. Олардың барлығы бірдей тиісті білім мен тәжірибеге ие емес.

Сондықтан мәселені контентті таңбалаумен ғана шектеуге болмайды. Егер адам кәсіби біліктілігі болмаса да, медициналық немесе басқа да жауапкершілігі жоғары қызмет көрсетіп, соның салдарынан азаматтарға зиян келтірсе, оған қатысты нақты құқықтық тетіктер қарастырылуы қажет.

Талқылау барысында депутаттар интернетте медициналық білімі жоқ адамдардың ем жүргізіп, өзгелерге ақыл-кеңес беріп жүргеніне де назар аударды. Мұндай әрекеттер кей жағдайда адамның денсаулығына орны толмас зиян келтіруі мүмкін. Шын мәнінде, әлеуметтік желіде өзін маман ретінде таныстырып, түрлі емдеу тәсілдерін ұсынатын, қаржылық мәселелер бойынша кепілдендірілген табыс уәде ететін немесе құқықтық кеңес беретін адамдар аз емес. Олардың барлығы бірдей тиісті білім мен тәжірибеге ие емес.

Депутаттардың осы мәселеге қатысты сауалына жауап берген Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев тұрмыстық және танымдық сипаттағы контентке негізсіз шектеу қоюдың қажеті жоқ екенін айтты. Оның пікірінше, азаматтардың күнделікті өмірлік тәжірибесімен бөлісуіне кедергі болмауы керек. Министр депутаттардың сараланған тәсіл туралы ұсыныстарын заң жобасының тұжырымдамасына қайшы келмейтін бастама ретінде бағалап, нақты тұжырымдалған ұсыныстарды жұмыс тобы аясында қарастыруға дайын екенін жеткізді.

Ал арнайы білімі жоқ адамдардың адам өмірі мен денсаулығына, құқықтық және қаржылық қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін мәселелер бойынша кеңес беруі – алдын алуды қажет ететін өзекті проблема. Министрдің айтуынша, заң жобасының негізгі мақсаты да – азаматтарды біліксіз мамандардың зиянды кеңестері мен жалған ақпаратынан қорғау.

Цифрлық кеңістікті реттеу – тек әлеуметтік желілерге тыйым салу немесе ақпарат таратушыларға қосымша міндет жүктеу емес. Бұл – азаматтардың ақпарат алу құқығын, балалардың қауіпсіздігін, жеке деректердің қорғалуын және кәсіби жауапкершілікті біртұтас қарастыратын күрделі мәселе.Бір жағынан, мемлекет балаларды зиянды контенттен қорғап, жалған ақпарат пен біліксіз кеңес таратушылардың әрекетіне тосқауыл қоюы керек. Екінші жағынан, заң талаптары білім беру, танымдық ақпарат тарату және азаматтардың өз тәжірибесімен бөлісу мүмкіндігін шектемеуге тиіс. Сондықтан заңның тиімділігі енгізілген шектеулердің санымен емес, олардың қаншалықты дәл әрі әділ қолданылуымен өлшенеді. Құрылтайдағы талқылау осы мәселенің маңызды қырларын ашып көрсетті.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

СОТ СӨЙЛЕСІН

ІС ЖҮРГІЗУГЕ ДЕ ІЗДЕНІС КЕРЕК

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі процестік келісім институты қалай қолданылып жүр?

Қазақстанның қазіргі қылмыстық-процестік жүйесінде процестік келісім институты қылмыстық сот ісін жүргізуді оңтайландырудың маңызды тетіктерінің бірі саналады. Бұл институт қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексіне қылмыстық істерді тергеп-тексеру мен сотта қарауды жеделдету, қылмыстық сот төрелігі тиімділігін арттыру мақсатында енгізілген.

Процестік келісім қалай жасалады?

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі процестік келісім – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор, күдікті немесе айыпталушы (не олардың қорғаушысы) арасында жасалатын арнайы құқықтық тетік. Заңнамаға сәйкес, процестік келісім кінәні мойындау туралы мәміле немесе ынтымақтастық туралы келісім ретінде жасалуы мүмкін. Процестік келісім жасасу тәртібі ҚР ҚПК-нің 612-621-баптарында реттелген. Онда бірқатар негізгі талап белгіленген. Соның бірі – еріктілік. Онда күдікті немесе айыпталушы процестік келісім жасасуға өз еркімен ниет білдіруі тиіс. Егер мәлімет нақты болса, күдікке ілінген адам өзіне тағылған айып пен іс бойынша жиналған дәлелдерге дау айтпауы тиіс.

Процестік келісім жасасу туралы өтінішті қарау қорғау тарапының өтініш беруінен немесе прокурор бастамасынан басталады. Қылмыстық іс жүргізетін органдар өтінішті прокурорға жолдайды. Прокурор келісім жасасу мүмкіндігін тексеріп, оның талаптарын қорғау тарапы және жәбірленушімен талқылайды. Осыдан соң процестік келісім жазбаша түрде рәсімделеді.

– Келісімде қылмыстық құқық бұзушылық сипаттамасы, тараптардың міндеттемелері, жаза түрі мен мөлшері, жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеу мәселелері және ҚР ҚПК-нің 616-бабында көзделген өзге де талаптар көрсетіледі. Заңнамада келісім жасайтын тұлға мен қорғаушысына олардың құқықтарын міндетті түрде түсіндіру көзделген. Сондай-ақ келісімге қол қойылғанша оның талаптарын құпия түрде талқылау мүмкіндігі қарастырылған, – делінген сот мәліметінде.

Жалпы, процестік келісім институты сотқа дейінгі тергеу сатысында ғана емес, сот талқылауы басталмай тұрып та қолданылып келеді. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында процестік келісім жасалған істерді қарау ерекшеліктері түсіндірілген. Бұл сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Өскеменде қаралған қылмыстық істер

Биыл тоғыз ай ішінде Өскемен қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында процестік келісім жасалған 8 қылмыстық іс қаралған. Бұл жерде кінәні мойындау түріндегі мәміле ескерілгенін айта кету керек. Сегіз қылмыстың біреуі – аса ауыр емес, жетеуі – ауыр қылмыс санатына жатады. Тәжірибе көрсеткендей, сот ісінің көбінде келісім айыпталушы ауыр қылмыс жасады деп тағылған айыппен келіскен соң жасалады. Жәбірленушінің сол жерде болып, келісімге келуге ықпал жасауы аталған тетіктің іс жүзінде қолданылуына елеулі әсер етеді.

Айталық, сот өткен жылы ҚР Қылмыстық кодекстің 420-бабы 1-бөлігіне сәйкес, яғни куәнің көрінеу жалған айғақ беру фактісі бойынша Ж. есімді тұрғынға қатысты қылмыстық іс қараған. Аталған іс сотқа кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісіммен түскен. Сот процестік келісімнің ҚР ҚПК-нің 616-бабы талаптарына сәйкес келетінін анықтады. Содан құжатқа прокурор, сотталушы және оның қорғаушысы қол қойған.

– Сот отырысында сотталушы Ж. процестік келісімнің барлық талабымен танысқанын растады. Ол келісім мазмұны өзінің ерікті түрде айтқан сөзімен сәйкесетінін, құжатта көрсетілген талаптардың өзіне түсінікті болғанын айтқан.



Нұргүл ЖАҚСЫБЕКОВА,
Өскемен қаласы
қылмыстық істер жөніндегі
ауданаралық сотының төрағасы

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылық сипаты мен қоғамдық қауіп дәрежесі, сондай-ақ сотталушының жеке басын ескере отырып, сот оған 3 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасын тағайындады. Сот актісіне тараптар шағым түсірмеді және ол заңды күшіне енген.

Салада сақталған мәселелер

Мамандар сөзінше, процестік келісім институтының бірқатар артықшылығы бар. Нақты айтқанда:

• тергеу және сот әрекеттері көлемі қысқаратындықтан, қылмыстық процесті жеделдетуге мүмкіндік береді;

• жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеп, оның мүдделерін қысқа мерзімде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

• ҚР Қылмыстық кодексінің 67-бабына сәйкес, келісім талаптарын орындау және өкіну кезінде қылмыстық жауапкершіліктен босатуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, процестік келісім институтын қолдану практикасы бірқатар мәселелердің бар екенін де көрсетеді. Олардың қатарында процестік келісім жасасу кезінде жәбірленушінің құқықтарын қорғау жеткілікті деңгейде нақтыланбағанын айтуға болады. Мұнымен қоса, прокурорлар мен қорғаушылардың кәсіби біліктілігін одан әрі арттыру қажеттілігі туындап отыр.

Жалпы алғанда, процестік келісім институты республика аумағында қазіргі қылмыстық-процестік қатынастар кезінде маңызды рөл атқарады. Ол қылмыстық сот ісін жүргізу тиімділігін арттыруға сеп.

БАҒДАР

ТАЛҚЫДА – **«ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ»** ЗАҢНАМА

Қазақстанда қоғамдық кеңестер туралы заңнаманы жетілдіру мәселелеріне арналған өңіраралық кездесулер өтіп жатыр. Петропавл мен Түркістанда өткен алғашқы аймақтық кездесулерге қоғамдық кеңестер мен мемлекеттік органдардың өкілдері, депутаттар, сарапшылар және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.



Кездесулердің негізгі мақсаты – өңірлердің ұсыныстарын жинау, қоғамдық кеңестердің жұмыс тәжірибесін ескеру және олардың қызметін заңнамалық тұрғыдан реттеуді жетілдіру жолдарын айқындау.

Қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктері, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру, азаматтардың қоғамдық үдерістерге қатысу мүмкіндіктерін кеңейту және қоғамдық бақылау тетіктерін жетілдіру мәселелеріне баса назар аударылып отыр.

Қатысушылар қоғамдық мониторинг жүргізу, қоғамдық тыңдаулар өткізу, қоғамдық сараптама жасау және мемлекеттік органдардың есептерін тыңдау сияқты қоғамдық бақылау нысандарын іс жүзінде қолдану мәселелерін де талқылады.

Кездесулерді өңіраралық деңгейде өткізу түрлі облыс өкілдерінің ұстанымдарын ұштастыруға және заңнамалық өзгерістерді әзірлеу барысында өңірлік ерекшеліктерді ескеруге мүмкіндік береді.

Талқылаулардан кейін келіп түскен ұсыныстарды жүйелеп, жинақтау, олардың негізінде қорытынды құжат әзірлеп, уәкілетті мемлекеттік органдарға жолдау жоспарланып отыр.

Жұмыс еліміздің өзге өңірлерінің өкілдері қатысатын диалог алаңдарында жалғасады.

Талқылаулар Мәдениет және ақпарат министрлігінің қоғамдық кеңестердің қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру жөніндегі жобасы аясында өткізіліп жатыр. Бұл жұмыс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Халық Кеңесінің бірінші сессиясында берген тапсырмасына сәйкес басталды. Бұған дейін Мәдениет және ақпарат министрлігі қоғамдық кеңестердің қызметі саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысын өткізді.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Қазақстанда заң және адам құқықтары саласында 2026 жылы маңызды оқиға болды. Әрине, бұл жаңа Конституцияның қабылдануы.



РЕФОРМА ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

Жаңа Ата Заңымызда адам және оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Конституцияда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» жаппай үстемдік құрған, «Әділетті әрі таза Қазақстанды құру» идеясы халықтың кең қолдауына ие болған.

Конституциялық реформаларда сот жүйесін дамыту, сот тәуелсіздігін күшейту және құқық үстемдігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылған. Сондай-ақ, жаңа Конституция құқықтық жүйенің бірнеше маңызды бағытын қамтиды – азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін нақтылау және құқықтық институттардың өзара тепе-теңдігін қамту.

Реформаның басты мақсаты – адамдардың әділетке қол жеткізуін жеңілдету және сотқа деген сенімді арттыру. Судьялардың жауапкершілігі, процестің ашықтығы, балама дауларды шешу жолдарының дамуы құқық үстемдігін нығайтудың негізгі құралдары.

ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы конституциялық реформа қоғамның заманауи сұраныстарына жауап беретінін және қабылданған өзгерістер ауқымды әрі жүйелі сипатқа ие болатынын атап өтті. Мысалы, реформада әкімшілік соттардың құқықтық мәртебесін арттыруға ерекше назар аударылды. Бұл жария-құқықтық дауларда азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін қамтамасыз етуге оң әсерін тигізеді. Мемлекеттің ең жоғары құндылық ретінде адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын тану қағидатына адалдығын растайды.

ҚР Конституциялық Сотының төрағасы Эльвира Азимова жаңа Конституция отбасыны дербес конституциялық құндылық ретінде бекітіп, оны қорғаудың кепілдіктерін едәуір күшейткенін мәлімдейді. Мысалы, гендерлік әділеттіліктің қазіргі заманғы түсінігі формалды теңдік шеңберінен әлдеқайда кең. Ол әйелдер мен ерлердің кәсіби қызметті, отбасылық міндеттерді және қоғамдық өмірге қатысуды ұштастыра отырып, өздерінің конституциялық құқықтарын тең дәрежеде жүзеге асыруына мүмкіндік беретін құқықтық әрі әлеуметтік жағдайларды қалыптастыруды көздейді.

Реформалар Конституциялық Соттың конституциялық өкілеттіктерін кеңейтіп, сот шешімдерінің құқықтық маңызын едәуір арттырды. Сот берген конституциялық-құқықтық түсіндіруде заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолданудың міндеттілігін бекітті.

Осылайша, қабылданған Конституция мемлекеттің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтауды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, заң үстемдігін қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін, халықтың болмысын айқындайтын, ұлттық рухани және тарихи сабақтастығын жалғайтын маңызды құжат.

Қайрат АЛДАЖАРОВ,
Ақтөбе қаласы №2 сотының
аға сот приставы

ӨЗЕК

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТТЫ БІРІКТІРУШІ ФАКТОР

Мемлекеттік тіл – елдігіміздің айғағы, бірлігіміздің бастауы. Тіл – ұлттың жаны, халықтың рухани өзегі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті мен дүниетанымының айнасы. Ана тілі арқылы ұлттың тарихы сақталып, салт-дәстүрі сабақтасып, ұрпақтан ұрпаққа аманат болып жетеді. Сондықтан тілді құрметтеу – өткенге тағзым ету ғана емес, болашақ алдындағы жауапкершілікті сезіну.

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген тағылымды сөзі тілдің ұлт өміріндегі орнын терең аңғартады. Шынында да, тілін сақтаған халық қана өзінің тарихи жадын, ұлттық ерекшелігін және рухани тұтастығын сақтай алады. Демек, ана тілімізді ардақтау – әрбір азаматтың адамдық парызы.

Мемлекеттік тіл – құқықтық мемлекеттің маңызды құндылығы. Қазақ тілінің қоғам өміріндегі қолданыс аясын кеңейту – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Әсіресе, мемлекеттік органдардың қызметінде қазақ тілінің кеңінен қолданылуы оның мәртебесін нақты іспен нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл ретте сот жүйесінің атқаратын рөлі айрықша.

Сот – заң үстемдігі қамтамасыз етілетін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалатын маңызды мемлекеттік институт. Сондықтан сот қызметінде мемлекеттік тілді дамыту тек тіл саясатының міндеті ғана емес, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың да маңызды құрамдас бөлігі саналады.

Сот төрелігін жүзеге асыру барысында әрбір азаматтың өз ойын еркін жеткізуіне, өтініштері мен уәждерінің дұрыс түсінілуіне, іс материалдарымен танысуына және өз құқықтарын қорғауына қажетті жағдай жасалуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, сот ісін жүргізуде қазақ тілінің қолданылуы азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, сот пен қоғам арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

ҚР Конституциясына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сонымен қатар сот ісін жүргізу тәртібі Азаматтық процестік, Қылмыстық-процестік және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстермен, сондай-ақ өзге де заңнамалық актілермен реттеледі. Заң талаптарын сақтау, іске қатысушылардың процестік құқықтарын қамтамасыз ету және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – сот жүйесі қызметінің өзара сабақтас бағыттары.

Сот саласында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – ортақ міндет. Бүгінде сот жүйесінде мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Сот актілерін, ресми хаттарды және қызметтік құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу, құжат айналымында қазақ тілін кеңінен пайдалану, қызметкерлердің тілдік сауаттылығын арттыру – осы бағыттағы маңызды шаралар.

Мемлекеттік тілді дамыту тек құжаттарды қазақша рәсімдеумен шектелмеуі керек. Ол – заң терминдерін дұрыс қолдану, құқықтық ұғымдарды нақты жеткізу, ресми мәтіннің сауаттылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ету, азаматтармен қарым-қатынаста тіл мәдениетін сақтау деген сөз.

Айғаным ИСКАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облыстық
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты
әкімшісінің орынбасары

ТҰЛҒА

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР

Қазақстанның көрнекті заңгер ғалымы Нұрпейісов Еркеш Қалиұлы – отандық құқықтану ғылымының негізін қалауға және тәуелсіз елдің заңнамалық жүйесін қалыптастыруға өз үлесін қосқан тұлға.

Еркеш Қалиұлы саналы ғұмырын құқықтану саласын зерттеуге және елдің заңнамалық жүйесін жетілдіруге арнады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жас мемлекеттің алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі – заманауи талаптарға сай Ата Заң қабылдау болатын. Осы тарихи кезеңде Еркеш Нұрпейісов 1995 жылғы ҚР Конституциясының жобасын әзірлеу жөніндегі Президент жанындағы Сараптамалық-консультативтік кеңестің мүшесі ретінде аянбай еңбек етті. Ол еліміздегі конституционализм қағидаттарының орнығуына, мемлекеттік басқару институттарының құқықтық негіздерін қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосты.

Ғалымның мемлекеттік қызметтегі белсенділігі сенатор болған жылдары айқын көрінді. Заң шығарушы органда қызмет ете жүріп, ол әрбір заң жобасының сапалы әрі халық мүддесіне сай болуын қатаң қадағалады. Замандастары мен әріптестері оны терең білімді, өз ұстанымына берік, әділдік пен заң үстемдігін бәрінен биік қоятын парасатты тұлға ретінде жоғары бағалайды.

Еркеш Қалиұлының отандық білім мен ғылым саласындағы еңбегі де айрықша. Ол Қазақ мемлекеттік заң институтының (қазіргі Maqsut Narikbayev University) тұңғыш ректоры болып, тәуелсіз елге қажетті жаңа буын заңгерлерді даярлау ісінің басында тұрды. Кейінгі жылдары Мемлекет тарихы институтында жемісті еңбек етіп, жас ғалымдарға бағыт-бағдар беріп, отандық құқық тарихы мен мемлекеттілік мәселелеріне арналған көптеген іргелі зерттеулер жариялады. Еркеш Қалиұлы Нұрпейісов – ғалымдық тереңдік пен қайраткерлік болмысты бойына қатар жинаған бірегей тұлға. Оның заң ғылымына қосқан үлесі, ұстаздық ұлағаты және ел болашағы жолындағы адал еңбегі кейінгі ұрпақ үшін әрқашан өнеге болып қала береді.

Еркеш Қалиұлының ғылым айдынындағы қажырлы ізденісі таза еңбектен бастау алды. Ғылым жолы – инемен құдық қазғандай бейнетті, төзім мен табандылықты талап ететін сара жол. Еркеш Қалиұлы бұл соқпаққа кездейсоқ келген жоқ. Жастайынан әділдік пен ақиқаттың мәніне үңілген зерек ойлы азамат құқықтану ғылымының терең иірімдеріне бойлады. Ол үшін заң – тек қағаз бетіне түскен қатаң баптар мен ережелер жиынтығы ғана емес, адам тағдыры мен қоғам тыныштығын қорғайтын киелі қалқан болды. Ғалымның зерттеу еңбектеріне көз жүгіртсеңіз, әрбір сөйлемнен терең философиялық пайым мен логикалық дәлдікті аңғарамыз. Ол мемлекет пен құқық теориясының, конституциялық құқықтың ең өзекті мәселелерін қозғап, отандық заң ғылымының көкжиегін кеңейтті. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жаңа қоғамға сай жаңа заңдар қажет болғанда, Еркеш Қалиұлы өзінің бар ғылыми әлеуетін осы ұлы іске жұмсады. 1995 жылғы Ата Заңымыздың жобасын әзірлеу барысындағы сараптамалық жұмыстарға белсене қатысып, құқықтық мемлекет құрудың теориялық негіздерін тәжірибемен ұштастыра білді. Оның ғылыми ізденістері ешқашан кабинеттік шеңбермен шектелген емес.

Мемлекет тарихы институтында еңбек еткен жылдары да Еркеш Қалиұлы ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу тарихы мен құқықтық эволюциясын зерделеп, кейінгі буын зерттеушілерге баға жетпес ғылыми мұра қалдырды. Ғалымның қаламынан туған әрбір монография мен мақала – уақыт сынынан сүрінбей өтетін, құндылығын жоғалтпайтын рухани қазына.

Ол шәкірт жүрегіне жол тапқан ұлағатты ұстаз. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп хакім Абай айтқандай, Еркеш Қалиұлының болмысын аша түсетін ең биік тұғыр – оның ұстаздық қыры. Ғалым үшін дәрісхана – қасиетті мінбер, ал алдында отырған жас өскін – елдің ертеңгі тұтқасы. Ол аудиторияға кірген сәттен-ақ ерекше бір зиялылық пен жылылық лебі есіп тұрады. Еркеш ағаның дәрістері ешқашан құрғақ теориямен өрілмейді. Ол күрделі құқықтық нормаларды өмірмен байланыстырып, тарихи деректермен шебер ұштастыра біледі. Шәкірттері оның сабырлы үнін, ойды жеткізудегі шешендігі мен әрбір сұраққа байыппен жауап беретін парасаттылығына тәнті.

Адамның ұлылығы оның қарапайымдылығы мен парасатында. Еркеш аға қандай лауазымды қызмет атқарса да, Сенат депутаты болып елдік мәселелерді шешсе де, ғылым мен білім ордаларына басшылық етсе де, өзінің адами биіктігінен, кішіпейіл қалпынан еш айныған емес. Әріптестеріне деген сыйластығы, жас ғалымдарға деген қамқорлығы оның кең жүрегінен хабар береді. Жас ізденушілер ғылыми жұмыстарымен келгенде, Еркеш аға ешқашан уақытын аямайды. Әрбір еңбекті мұқият оқып, кем-кетігін жұмсақ тілмен



түсіндіріп, бағыт-бағдар беруден жалықпайды.

Еркеш Қалиұлы сізді отандық заң ғылымының дамуына, тәуелсіз еліміздің құқықтық іргетасының қалануына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, мемлекет қайраткері және мыңдаған шәкірттің жүрегіне білім мен әділдік нұрын сепкен ұлағатты ұстаз ретінде шексіз құрметтейміз. Алпыс жылдық өнегелі еңбек жолыңызда қарапайым еңбек адамынан бастап, академик, сенатор, тұңғыш заң институтының ректоры дәрежесіне дейін көтеріліп, халқыңызға қалтқысыз қызмет еттіңіз.

Бүгінде өзіңіз түлеп ұшқан қара шаңырақ – ҚазҰУ-дың дәрісханасында жас буынға бағыт-бағдар беріп, ғылым мен парасаттың шамшырағы болып жүргеніңіз – біз үшін үлкен мақтаныш. Сіздің терең біліміңіз, азаматтық ұстанымыңыз, кішіпейілділігіңіз бен кең жүрегіңіз кейінгі ұрпақ үшін мәңгілік өнеге мектебі болып қала береді.Осынау мерейлі шақта Сізге зор денсаулық, сарқылмас күш-қуат, көңіліңізге шуақ пен шаттық тілейміз! Отбасыңызға амандық, әулетіңізге береке-бірлік, ғылыми-педагогикалық жолыңызға толағай табыстар бұйырсын!

Ақылбек ИСАБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының профессоры,
Ұлттық заң академиясының академигі

БІРЕГЕЙ

> Халықтың тағдырында кейде бір кісінің еңбегі, бір ғалымның ойы, бір азаматтың қайраты ел болып қалыптасқан құндылықтардың іргетасына айналады. Еркеш Қалиұлы Нұрпейісов – тәуелсіз Қазақстанның құқықтық іргетасын нығайтуға өз білімі мен жан-тәнін арнаған құрметті заңгер, белгілі ғалым және тәжірибелі ұстаз. Оның 80 жылдық мерейтойы – тек бір адамның өмір жолын тойлау емес, сонымен қатар қазақстандық құқық ғылымының даму жолындағы маңызды кезеңдерді еске алу мүмкіндігі.

Еркеш Қалиұлы Нұрпейісов – заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық заң университетінің алғашқы ректоры. Оның есімі қазақстандық заң ғылымының дамуымен, жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуымен және мемлекеттік құқықтық реформалармен тығыз байланысты.

Оның ғылыми мүддесі мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, азаматтық құқық, құқықтық ой тарихы және Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуы мәселелерін қамтиды. Оның авторлығымен жарияланған ғылыми еңбектердің саны 750-ден асады; олардың шамамен 140-ы Қазақстаннан тыс жерде жарияланған.

Ол бірнеше заң ғылымдарының докторына ғылыми кеңесші, жеті кандидаттық диссертацияға ғылыми жетекші болды. Сондай-ақ, ғалым қазіргі Maqsut Narikbayev University жанындағы диссертациялық кеңестің төрағасы, бірқатар құқық қорғау оқу орындарының докторлық кеңестерінің мүшесі және ВАК сарапшысы ретінде де қызмет атқарды.

Е. Нұрпейісов Қазақстан заңгерлері қауымдастығының мүшесі, президенті және корреспондент-мүшесі болды. Ол сондай-ақ Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның, Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің және Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болып қызмет етті.

Оның қоғамдық қызметінің маңызы – құқықтық мемлекет, адам құқықтары, конституциялық даму және заңдылық мәселелерін ғылыми талқылауда үнемі белсенді болуында. Ол қазіргі уақытта да ғылыми зерттеулермен айналысып, ғылыми іс-шараларға қатысады.

Еркеш Қалиұлы Нұрпейісовтің 80 жылдық мерейтойы – қазақстандық құқық ғылымы мен жоғары заң білімінің дамуына қосқан зор үлесін түйіндеу үшін маңызды кезең. Оның еңбегі тек ғылыми жарияланымдармен ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негіздерін қалыптастыруға қатысуымен де бағаланады.

Оның өмір жолы – білім мен ғылымға, мемлекеттік құрылыс пен құқықтық мәдениетке адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Еркеш Нұрпейісовтің 80 жылдық мерейтойы қазақстандық заң ғылымы мен білім беру жүйесінің дамуына қосқан үлесін еске алуға және жас ұрпақты осындай ғалымдардың еңбегін құрметтеуге шақырады.

Еркеш Қалиұлы – ғылым, білім және мемлекеттік құқықтық реформалар саласындағы көрнекті тұлға. 80 жылдық мерейтой ғалымның еңбегін танып, қазақстандық құқық ғылымының дамуына қосқан үлесін жоғары бағалауға негіз болады.

Оның ғылыми мұрасы, білім беру саласындағы қызметі және қоғамдық белсенділігі жас ұрпақ үшін үлгі бола алады. Еркеш Нұрпейісовтің 80 жылдық мерейтойы оның есімін қазақстандық құқық ғылымы мен білім беру тарихындағы маңызды тұлғалардың бірі ретінде одан әрі нығайта түседі.

Ақмарал СМАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің
мемлекет және құқық теориясы
мен тарихы кафедрасының
ассистент профессоры

ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ. ҚАЙРАТКЕР

Менің пайымдауымда, Еркеш НҰРПЕЙІСОВ есімін үш түрлі ұғыммен сипаттауға болады: Ғалым. Ұстаз. Қайраткер. Бұл – жай атаулар ғана емес, бір адамның өміріндегі үш маңызды белес пен үш түрлі жауапкершіліктің көрінісі іспетті дүние.

Әрбір толқынның өмірлік және шығармашылық жолына, кәсіби бағдарына, дүниетанымы мен азаматтық ұстанымына ерекше ықпал ететін тұлғалар болады. Міне, 90-шы жылдары заң факультетіне, заң ғылымына мойын бұрған толқын үшін Еркеш Қалиұлы Нұрпейісов сондай тұлға болды. Себеп біреу, сол кездегі бұқаралық ақпарат құралдарында түрлі тартысты мәселелер бойынша Нұрпейісов есімі, мүйізі қарағайдай заңгер-ғалымдардың қатарында жиі аталатын.

Е. Нұрпейісовтің ғылыми зерттеулері негізінен, мемлекет пен құқық теориясы мен тарихы, конституциялық реформалар, сайлау жүйесінің трансформациясы, президенттік билікті күшейту және жергілікті өзін-өзі басқару концепцияларына арналды. Оның ғылыми еңбектері, монографиялары мен ғылыми сараптамалары да осы бағытта өрбіген.

Е. Нұрпейісовтің ғылыми тұжырымдамалары тек теориялық тұрғыда ғана емес, мемлекеттік құрылыстың нақты мәселелерімен ұштасып жатқандықтан, еліміздің саяси-құқықтық институттарының дамуы барысында өз өміршеңдігін талай мәрте дәлелдеді. Мысалы, Парламентті бірпалаталы модельге көшіру және атқарушы билікті орталықсыздандыру туралы ертеректегі ғылыми гипотезасы бүгінгі күні өзінің дұрыстығын дәлелдеп отыр.

Е.Нұрпейісовтің педагогика мен құқықтық білім беру саласындағы негізгі жетістіктерінің бірі – 1994 жылы арнайы құрылған Қазақ мемлекеттік заң институтының алғашқы ректоры болып тағайындалуы еді. Бұл оқу орнын тәуелсіз мемлекеттің сот, құқық қорғау және мемлекеттік аппараты үшін жаңаша ойлайтын заңгер кадрларды даярлайтын бас білім ордасы ретінде қалыптастыру міндеті тұрды.

Еркеш Қалиұлы институттың іргетасын қалап, оқу процесін халықаралық стандарттарға сай ұйымдастырып қана қоймай, оқу-әдістемелік және ғылыми базасын жаңадан құрып шықты. Ол үздік профессорлық-оқытушылар құрамын жасақтап, академиялық адалдық пен терең білімді басты критерий етіп белгіледі. Оның басшылығымен аталған оқу орны қысқа мерзімде елдегі заңгер кадрларды даярлайтын басты қарашаңыраққа айналды.

Сонымен қатар Еркеш Қалиұлы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетінде, Қазақ академиялық университетінде ұзақ жылдар бойы ұстаздық етіп, мыңдаған жасқа дәріс берді. Оның лекциялары терең академизммен, практикалық мысалдардың молдығымен және заңнаманың ішкі логикасын түсіндіру шеберлігімен ерекшеленеді.

Тәуелсіздік қарсаңындағы және егемендіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттік-құқықтық трансформация тарихы Еркеш Қалиұлының белсенді ғылыми және заң шығарушылық қызметімен тығыз байланысты. 1980 жылдардың соңында кеңестік жүйенің саяси және экономикалық дағдарысы өршіп тұрған шақта, ғалым-заңгерлер алдында республиканың шынайы егемендігін құқықтық тұрғыдан негіздеу міндеті тұрды. Сол міндетті абыроймен атқарып шыққан ғалымдардың қатарында Еркеш Қалиұлы да бар еді.

Ұстазымыздың тарихи еңбегінің бір алтын парағы – 1991 жылдың тамыз айында (Беловеж келісіміне дейін бірнеше ай бұрын) көрнекті заңгер Т.Донақовпен бірлесіп «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның алғашқы ғылыми жобасын әзірлеуі еді. Осы дайындалған жобаның негізгі идеялары мен құқықтық нормалары кейіннен 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған тарихи Конституциялық заңның өзегін құрап, Тәуелсіз Қазақстанның жаңа дәуірін ашты.

Ол мемлекеттік құрылыс пен заңнаманы жетілдіруден бөлек, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында да еңбек етті. 1998–2001 жылдары ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде елдегі адам құқықтарын қорғаудың институционалдық жүйесін нығайтты.

Еркеш Қалиұлы түрлі кезеңде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы, Қазақстан Заңгерлері қауымдастығының президенті, Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесі, Жоғарғы Сот Кеңесінің мүшесі сияқты қызметтерде болды.

Еркеш Қалиұлы Нұрпейісов – ғылымға адалдықтың, ұстаздыққа жауапкершіліктің, мемлекет ісіне қызмет етудегі парасаттылықтың үлгісін көрсете білген тұлға. Оның өмір жолы мен еңбегі отандық заң ғылымының тарихында ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу шежіресінде де лайықты орын алады.

Әсет ҚАЙЫРХАН,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Заң факультетінің
докторанты

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

№ 87 (3914)
20 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

ЖОЛДАУ – ЖОЛБАСШЫМЫЗ

ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП БОЛМАСА
ЖАҢА МІНДЕТТІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ ҚИЫН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты жолдауында оң өзгеріске бастайтын көптеген міндет-мақсаттар көрініс тапқан. 2027 жыл елімізде қарқынды құрылыс жүріп, халыққа қажетті емхана, баспана мен жол, инфрақұрылым жаңармақ. Бұл үшін Ұлттық қордан 6,5 трлн теңге жұмсалады. Президент қыруар қаржының жұмсалуын жан-жақты бақылауды тапсырды.



Жаңа жылдан бастап елімізде ең төменгі жалақы мөлшері де артып, 110 мың теңгені құрайды. Бұл жаңалық көпті қуантты. Уческелік дәрігердің еңбекақысы сатылай 40 пайызға дейін өспек. Темірдей тәртіп болмаса жаңа міндеттің жүзеге асуы екі талай. Соған орай әрбір қазақстандық «Заң мен тәртіп» қағидатын берік ұстанып, оның алғышарттарын орындаса нұр үстіне нұр болмақ.

Жолдауда Президент қазіргідей геосаяси ахуал ушығып тұрған заманда кез келген мемлекет үшін ең басты қалқан – ішкі тұрақтылық пен мықты құқықтық тәртіп екенін атап өтті. Шын мәнінде, болашақ ұрпаққа тек технологиясы озық, экономикасы қуатты елді ғана қалдыру жеткіліксіз. Бізге заңды бәрінен биік қоятын, құқықтық мәдениеті жоғары орта қалыптастыру керек. Бұл – бүгінгі буынның алдында тұрған тарихи міндет! Ал бұл миссияның салмағы, ең алдымен, елдегі сот жүйесінде деп білемін. Экономикалық дербестік пен инвестициялық тартымдылықтың артында сапалы сот төрелігі тұр. Инвесторлар келетін жерінде әділдікке, заңның берік қорғанына сенімді болуы керек. Осы мақсатта алдағы уақытта Алатау қаласында ағылшын құқығы үлгісімен жұмыс істейтін арнайы инвестициялық сот құрылмақ. Бұл бастама бизнес қауымдастығының дауларын жедел әрі бейтарап шешуге жол ашып, елге келетін капиталдың сенімділігін арттырады. Жаңашылдықпен бірге азаматтық соттардың рөлі артып, жалпы құқықтық жүйенің біріздділігі қамтамасыз етілмек. Президент атап өткендей, адал кәсіпкерлердің мүддесі әрқашан Ата Заңмен қорғалуға тиіс және судьялар корпусы әрбір іске осы тұрғыдан қарауы шарт.

Бүгінгі күннің өзекті тақырыбының бірі – бизнесті негізсіз қысымнан қорғау. Жылдар бойы айтылып келе жатқан экономикалық сипаттағы құқықбұзушылықтарға қатысты қылмыстық құдалау мәселесі әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Сондықтан қылмыстық-құқықтық саясатты түбегейлі ізгілендіру – заман талабы. Экономикалық сипаттағы түйткіл туындағанда, адамды бірден темір тордың артына жабу емес, келтірілген зиянды өтеу тетіктерін бірінші орынға қою әлдеқайда әділетті.

Бүгінде бақылау-қадағалау жүйесі біртіндеп цифрлық модельге көшіп жатыр. Осындай кезеңде соттар кәсіпкерлердің жолын кесетін әкімшілік кедергілер мен заңсыз тексерулердің алдын алатын нақты кепілге айналуы тиіс. Нарықта адал бәсеке қалыптаспай, экономиканың өсуі мүмкін емес. Сондықтан бәсекелестікке кедергі келтіретін әрекеттерге құқықтық тұрғыдан әділ баға берілуі керек деп білемін.

Заң үстемдігі салтанат құрған жерде ғана экономикалық өсім мен халықтың әлауқаты артады. «Заң мен тәртіп» – бұл қағазда ғана жазылған қағида немесе уақытша ұран емес, мемлекеттің тұрақтылығы мен жарқын болашағының жалғыз тетігі.

Сабыржан ЕСЖАНОВ,
Орал қалалық сотының төрағасы

ПАЙЫМ

ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ
ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТТЕН БАСТАЛАДЫ

Заңға құрмет – қоғамға, ортаға деген құрметтен басталады. Өкінішке қарай соңғы жылдары айналаны ластау, тазалық сақтамау жағдайлары жиі орын алады. Ал ол үшін Қазақстан заңында арнайы жауаптылық бар. Оның тәртібі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-2-бабында қарастырылған. Мұндағы негізгі мақсат – елді мекендердің тазалығын сақтау, қоғамдық орындарды ұқыпты ұстау және азаматтардың өзі тұратын аймаққа жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

Жетісу облысы Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотында 2025 жылы ӘҚБтК-нің 434-2-бабы 1-бөлігімен 37 іс түссе, 2026 жылы осы бап бойынша түскен істер 135-ке жеткен. Осының өзі әкімшілік жазаның белгіленгеніне қарамастан, қоғамдық орындарды ластап, ортақ мүлікке жауапсыз қарайтындардың азаймай отырғанын көрсетеді.

Сот тәжірибесінде әсіресе азаматтардың көшеде немесе тұрғын үйдің ауласында қоқыс тастауы, қоғамдық орындарда темекі тұқылын қалдыруы, саябақтар мен скверлерде тазалық талаптарын сақтамауы, сол сияқты қоқысты арнайы контейнерлерге емес, белгіленбеген жерлерге төгуі, ортақ пайдаланылатын аумақты өзге де жолдармен ластау оқиғалары жиі қаралады.

Сот мұндай істерді таразы басына салғанда құқық бұзушылықтың нақты жасалған-жасалмағанын, азаматтың кінәсін растайтын дәлелдеменің болуын, бейнебақылау камераларының жазбасын, куәлардың айғағын, әкімшілік хаттаманың заң талабына сәйкес рәсімделуін, сонымен қатар құқық бұзушының түсініктемесі мен жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды назарға алады. Азаматтар бірінші рет құқық бұзған жағдайда 10 АЕК немесе 40 сағат қоғамдық жұмыс белгіленсе, құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасағандарға 20 АЕК немесе 80 сағат қоғамдық жұмыс беріледі.

Дегенмен, мұндай жауаптылықты белгілеудегі негізгі мақсат азаматтарды жазалау емес, қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық мүлікке құрметпен қарау түсінігін орнықтыру. Өйткені айналаны ластау экологияны бұзуға, оның соңы түрлі ауру-сырқаудың таралуына түрткі болады.

Ал қоғамдық орындарды ластау фактілерін тек жаза тағайындау, айыппұл төлеу арқылы азайту мүмкін емес. Ол үшін отбасы, мектептен бастап балаларға қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық орындарды таза ұстау, ортақ мүлікке құрметпен қарау дағдысын үйрету маңызды. Сондай-ақ қоғамдық орындарға бейнебақылау камераларын орнату, құқық бұзушылық туралы хабарлау мүмкіндігін жеңілдету, тұрғындар мен қоғамдық ұйымдардың белсенділігін арттыру да кезек күттірмейді.

Тазалық акцияларын ұйымдастыру, экологиялық іс-шаралар өткізу де азаматтарға айтарлықтай әсер етеді. Мұндай шаралар заңда көзделген жазаны алмастырмағанымен, қоғамдық жауапкершілікті арттырары даусыз. Бұдан бөлек қоғамдық орындарды ластаудың салдары, әкімшілік жауаптылық және нақты сот тәжірибесі туралы қысқа бейнероликтер, түсіндіру жұмыстары ұдайы дайындалып, халыққа ұсынылғаны жөн.

Қоғамдық орындардың тазалығы – мемлекеттің мәдени деңгейін ғана емес, азаматтардың құқықтық санасы мен жауапкершілігін де айқындайтынын көрсеткіш екенін жадымыздан шығармайық.

Майқұл МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

БІЛІМДІ МАМАНҒА
СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Жыл сайын жоғары оқу орындарын бітіріп, еңбек нарығына аласатын заңгерлер саны көп. Сол маманның бәрі алған біліміне сай жұмыс тауып кете қоймасы анық. Дегенмен, заңгерліктің қыр-сырын жетік меңгерген, кәсіби біліктілігі шыңдалған, ұстаздардан алған теориялық білімін тәжірибеде қолдана білетін заңгерге сұраныс қай кезде де бар.

Ал осындай адал бәсекелестікке қабілетті, өз кәсібін сүйетін, қиындығына төзетін білікті мамандарды дайындау үлкен изденісті қажет етеді. Сондықтан да жоғары оқу орындары қазір тек сапалы білім берумен шектелмей, әр шәкірттен көшбасшы дайындауға күш салады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультеті – осындай мықты мамандар дайындаудың жоғары мектебіне айналған, тарихы терең қара шаңырақ.

Университетте заңгерлер даярлау – тек заң нормаларын меңгерген маман қалыптастыру дегенді білдірмейді. Данышпан әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген тағылымды сөзін басты бағдар еткен оқу ордасы білім мен тәрбиені тең қамтып, қатар назарда ұстайды. Оған университеттің әлеуеті толық жетеді. Мұндағы спорттық секциялар, ән, күй, өнерге баулитын үйірмелер студенттердің біліммен қоса шығармашылық тұрғыдан өсуіне жағдай туғызады. Ал танымал қоғам қайраткерлерінің, мықты заңгерлердің қатысуымен өтетін кездесу, кештердің жастардың рухани бай, таным-түсінігі кең, парасаты биік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Осындай жан-жақты қамқорлық пен қолдауды сезінген студенттер болашақта білікті заңгер ғана емес, әділеттілікті қамтамасыз етуге қабілетті, қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінетін кәсіби маман болатыны талас тудырмайды.

Қазіргі кезде заңгерлерді даярлау жүйесі заман талабына сай жаңарып, теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыруға, цифрлық технологияларды меңгеруге және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға негізделген. Соның арқасында университет аудиториясында белгілі мемлекет қайраткерлерінің, танымал заңгер, адвокаттардың, прокурорлар мен судьялардың дәріс оқуына студенттердің көзі үйренген. Университетте алған білімінің арқасында ел құрметіне бөленіп, ортасына үлгі-өнеге көрсетіп жүрген танымал заңгерлер – жастар үшін айна іспеттес. Мұндай бірегей жандарды арнайы шақырып, дәріс оқуына жағдай жасаудың артықшылығы көп. Себебі біріншіден тәжірибелі мамандардың дәрісі қызық әрі пайдалы. Екіншіден, мақсатына жету үшін түрлі қиындық пен күрес жолынан өткен табанды заңгерлердің өмірі жастарға үлкен сабақ. Үшіншіден, тәжірибелі мамандар дәріс оқи отырып жастардың арасынан өзіне ізбасар табады, студенттердің практикаға араласуына, жұмыс табуына көмек береді.

Заңгердің кәсібилігі тек заңды білуімен өлшенбейді. Оның бойында әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, бейтараптық және адам құқықтарын құрметтеу қасиеттері болуы керек. Әсіресе болашақ судьялар, прокурорлар, адвокаттар мен мемлекеттік қызметшілер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас; академиялық адалдық; заң үстемдігін құрметтеу; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау; кәсіби құпияны сақтау қағидаттары ерекше маңызға ие. Бүгінгідей сындарлы кезде шәкірттеріміздің халықаралық құқықтық кеңістікте жұмыс істей білуі де маңызды. Сондықтан ағылшын тілін меңгеру, халықаралық құқықтық құжаттарды оқу, шетелдік заңнамаларды салыстырмалы талдау болашақ маманның кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтеді. Міне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім беру бағдарламасы осындай кең ауқымда жүзеге асырылуда. Осындай заманауи университетте білім алған заңгерлердің еңбек алыңынан орын тауып қоймай, ел игілігіне адал қызмет ететіні даусыз.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, профессор

МЕЖЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ:
КӘСІБИЛІК, АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ СЕНІМІ

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттің саясатын жүзеге асыратын, қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін кәсіби қызмет саласы болса, сот жүйесі – заңдылық пен әділдікті қамтамасыз ететін конституциялық институт. Екеуінің де мақсаты – азаматтардың құқығын қорғау, мемлекет мүддесін заң аясында жүзеге асыру және қоғамның тұрақтылығын сақтау.



Сот жүйесінде мемлекеттік қызметтің маңызы айрықша. Өйткені сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуы тек судьялар қызметіне ғана емес, сот қызметкерлерінің кәсіби жұмысына, ұйымдастырушылық қабілетіне және жауапкершілігіне байланысты. Судьяның міндеті – істі заңға сәйкес қарап, әділ шешім қабылдау болса, сот қызметкері істің ұйымдастырушылық және әкімшілік жақтан дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Бұл арада, сотқа келіп түскен азаматтардың өтініштерін қабылдау, талап қою арызын уақытылы тіркеу, іс материалдарын дұрыс рәсімдеу, тараптарды сот отырысының уақыты мен орны туралы хабардар ету, сот отырыстарын ұйымдастыру, құжат айналымын жүргізу, сот отырысының хаттамасын жүргізу және қабылданған сот актілерін белгіленген тәртіппен жолдау, сот актілерінің уақытылы орындалуы – сот қызметінің маңызды құрамдас бөліктері. Бұл жұмыстардың барлығы бір қарағанда техникалық сипатта көрінуі мүмкін. Алайда олардың әрқайсысы азаматтардың сот арқылы қорғалу құқығын іске асыруға ықпал етеді. Сот жүйесіндегі әрбір қызметкер өзінің кәсіби міндетін қаншалықты жауапкершілікпен орындаса, сот қызметінің ұйымдастырылуы да соншалықты тиімді болады.

Осы тұста маңызды бір мәселені атап өткен жөн: мемлекеттік қызметшілер сот төрелігін жүзеге асыратын тұлға емес, олар сот қызметінің үздіксіз әрі сапалы жұмыс істеуіне жағдай жасайтын кәсіби мамандар. Сот қызметкерлері сот жүйесінің күнделікті жұмысын ұйымдастыруда үлкен жауапкершілік атқарады. Міндеттің әрқайсысы мұқияттылықты, заңнаманы жетік білуді, уақытты тиімді пайдалануды және қызметтік әдепті сақтауды талап етеді. Себебі ол күнделікті қызмет барысында құқықтық дауларға қатысатын азаматтармен, заңды тұлғалармен, заңгерлермен, адвокаттармен, прокурорлармен және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерімен байланыс орнатады. Мұндай жағдайда қызметкердің кәсіби білімімен қатар, оның мінез-құлқы, қарым-қатынас мәдениеті және эмоционалдық тұрақтылығы да маңызды рөл атқарады.

Сот саласындағы мемлекеттік қызметші өз жұмысын тек тапсырманы орындау ретінде қабылдамай, әрбір өтініштің, әрбір құжаттың және әрбір ұйымдастырушылық әрекеттің артында нақты азаматтың, заңды тұлғаның құқығы мен заңды мүддесі тұрғанын түсінуі қажет. Нағыз кәсіби мемлекеттік қызметші үшін заңдылық, адалдық, жауапкершілік және бейтараптық басты өмірлік әрі қызметтік қағидат болуы қажет. Сот саласында бұл қасиеттердің маңызы ерекше, өйткені сот жүйесіне деген сенім оның әрбір қызметкерінің күнделікті іс-әрекетінен қалыптасады.

Мемлекеттік қызметтің басты міндеті – халыққа қызмет ету болса, сот саласындағы мемлекеттік қызметтің басты ұстанымы – заңдылық пен әділдіктің жүзеге асуына адал еңбекпен үлес қосу, осы екі институттың өзара үйлесімділігінің арқасында кәсіби, ашық және халық сеніміне ие сот жүйесін қалыптастыра аламыз.

Б.САРСЕНБАЕВА,
Әйтеке би аудандық соты әкімшісінің басшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АЛТЫН КӨПІР

ҚазҰУ-да халықаралық баспагерлер бас қосты

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кітапханасында «Жасанды интеллект дәуірі: баспа ісі, медиа және дизайн» атты II халықаралық күзгі мектептің қорытынды кездесуі өтті.

«Шетелдік баспагерлермен кездесу» тақырыбындағы іс-шараға Қытай, Тәжікстан, Түркия және Өзбекстаннан келген баспа саласының өкілдері қатысты. Олардың қатарында Қытайдың «Илинь» аударма баспасының директоры Хуан Юнцзюнь, Тәжікстан Мәдениет министрлігі Баспа ісі және басылымдар басқармасының бастығы Ибрахим Ахмадов, Түркияның «Kamus» баспасының директоры Айдемир Гүлтекин және Өзбекстан баспагерлері мен кітап саудасы ұйымдарының ұлттық қауымдастығы директорының орынбасары Мурод Ашимов болды.

Қазақстан атынан кездесуге баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығының төрағасы Әділ Қойтанов пен ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Асхат Байұзақов қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – халықаралық баспа саласында тәжірибе алмасу, кітап шығару мен тарату мәселелерін талқылау, шетелдік әріптестермен кәсіби байланыс орнату.

Шара барысында күзгі мектеп қатысушылары сала мамандарымен пікір алмасып, өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды.

Аяжан ТОҚТАСЫН,
«Заң газеті»
Суретті түсірген автор



ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «ЭкоЛайнер» ЖШС (БСН 170340006677), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау обл., Атырау қ., Мұхтар Әуезов даңғ., 80-үй. Тел. 8 775 292 58 08.

5. «Альянс ДЕЗ» ЖШС (БСН 240740023270) (Қазақстан Республикасы, Абай обл., Семей қ., Өскемен көш., 1/3 ғим.), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қ., Юность көш., 39-72 үй. Тел. 8 776 166 07 07.

6. «Bereke Finance» ЖШС (БСН 240240001678), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Астана қ., Сарыарқа ауд., Республика даңғ., 19 ғим., мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 701 707 18 22.

9. «MAA GLOBAL LOGISTIC» ЖШС (БСН 220540029417) тіркелген күні: 2022 жылғы 20 мамыр (Қазақстан Республикасы, Алматы обл., Талғар қ., Нұрлы Жол көш., 92-ғим.), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Талғар қ., Абай көш., 88-үй, 23-пәт. Тел.: +7 747 715 09 16.

12. «Футонг Евразия» халықаралық логистикалық компаниясы» ЖШС (БСН 200140020752) (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов ауд., Мамыр-1 ш/а, 26-үй, 610-пәт.), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап- шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Әуезов ауд., «QUORUM» БО, Мамыр-1 ш/а, 26-үй, 805-кеңсе. Тел.: +7 777 666 34 11.

14. Алматы облысы білім басқармасының Үйғыр ауданы бойынша білім бөлімінің мемлекеттік мекемесі «М.Мақсатов атындағы Ұзынтам негізгі мектебі» КММ (БСН 690840000022) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы обл., Үйғыр ауд., Тиірмен а/о, Ұзынтам ауылы, әл-Фараби көш., 22-құрылыс.

15. «П&М Нидерланды Б.В. (P&M Netherlands B.V.)» жабық акционерлі қоғамның Қазақстандағы филиалы (БСН 201041038056) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау обл., Атырау қ., Студенттер даңғ., 25 құрылыс.

16. «Айгерим-2024» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 240340014722) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау обл., Жаңаөзен қ., Рахат ауылы, Мерей ш/а, 48-көше, 134-үй.

17. «ИнертСнабКомпани» ЖШС (БСН 180240009540) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау обл., Атырау қ., Солтүстік өнеркәсіптік аймағы, 4А-құрылыс.

18. «B&A Contractors SA» компаниясы Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласындағы өз Өкілдігінің (БСН 200442009307, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., Қаныш Сәтбаев даңғ., 62-үй) қызметін тоқтататыны (таратылатыны) туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., Қаныш Сәтбаев даңғ., 62-үй, тел.: +7 775 209 78 07.

21. «Атырау Унигаз» ЖШС (БСН 060940007525) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қ., Құттығай батыр көш., 21 ғим., тел.: 8 778 114 5025.

22. «ПолитехПром» ЖШС (БСН 121040005542) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Жандосов көш., 1/1. Тел.: +7 775 916 15 41.

ӘРТҮРЛІ

10. «Иван Зенченко» ЖШС (БСН 041240001768), «Иван Зенченко» коммандиттік серіктестігіне айналдыру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары мен өтініштері хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Солтүстік Қазақстан обл., Аққайың ауд., Ленинское ауылы, Жұмабаев көш., 16-үй.

13. «Алматыгипрогор-1 ЖИ» ЖШС серіктестіктің барлық қатысушыларына Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және 17-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қатысушылар атқарушы органға өздері туралы мәліметтердегі өзгерістер, атап айтқанда, тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, телефон нөмірлері, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті екенін хабарлайды.

Осыған байланысты «Алматыгипрогор-1 ЖИ» ЖШС-нің атқарушы органы серіктестік қатысушыларынан жоғарыда көрсетілген мәліметтерді мына мекенжай бойынша хабарлауды сұрайды: А05А2М5, Алматы қ., Абылай хан даңғ., 60-үй, 418-кеңсе., факс 8 727 273 98 43; электрондық пошта: almatygiprogor-1@mail.ru.

«Алматыгипрогор-1 ЖИ» ЖШС-нің серіктестікке қатысу үлестерін сатуға және/немесе сатып алуға ниет білдірген қатысушылары «Алматыгипрогор-1 ЖИ» ЖШС-нің атқарушы органына жүгінулерін сұраймыз.

19. «МИК Ломбард» ЖШС кепілге қойылған алтын бұйымдарын өткізу бойынша сауда-саттық өткізетіні туралы хабарлайды. Сауда-саттық 2026 жылғы 10, 20 және 30 желтоқсан күндері сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін мына мекенжайда өтеді: Астана қ., Әнет баба көш., 11/2, ТЕҮ 15. Тел.: +7 777 955 08 35.

20. «Urban Properties» ЖШС (БСН 230840033884), өзінің жарғылық капиталының төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Сарыарқа ауд., Самал шағын ауд., 12-ғим., «Astana Tower» БО, 5-қаб. Тел. 8 701 639 11 09.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2026 жылы 10 сәуірде қайтыс болған Сүйінғара Зейнегүл Қиымбайқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлеріне және мұралық іс туралы мәлімет алғысы келетін тұлғаларға нотариус Ғ.А. Шардарбековке хабарласу қажет. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т. Рысқұлов көш., №5 ғим. Тел.: 8 702 233 44 99.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

3. 2026 жылы 4 маусымда қайтыс болған Ораз Әсемкүл Байдүйсенқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлеріне немесе мұралық іс туралы мәлімет алғысы келетін тұлғаларға нотариус Г.Д. Палымбетоваға хабарласу қажет. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, С. Сейфуллин көш., нөмірсіз. Тел.: 8 702 819 64 73.

7. 2026 жылы 17 маусымда қайтыс болған Тоқтасын Ержанның артынан мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер мен барлық мүдделі тұлғаларға мұрагерлік құқықтарын рәсімдеу үшін нотариус С.А. Жұмадуллаеваға хабарласу қажет. Мекенжайы: Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд., Шелек ауылы, Малай батыр көш., нөмерсіз ғим.

8. 2026 жылы 18 мамырда қайтыс болған Жанабаев Сериктің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлеріне немесе мұралық іс туралы мәлімет алғысы келетін тұлғаларға нотариус Ғ.А. Шардарбековке хабарласу қажет. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т. Рысқұлов көш., 5 ғим. Тел.: 8 702 233 44 99.

11. 2023 жылғы 22 маусымда қайтыс болған Өтепбергенов Асқар Орынбасарұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлерге мұрагерлік құқықтарын рәсімдеу үшін Қызылорда қ., Мұратбаев көш., 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С. Сүйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел.: 8 778 000 27 27.

23. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна (1973 жылғы 18 маусымда туған) 2026 жылғы 12 қазанда қайтыс болған Айтмухаммедов Рахмет Сагынбаевичтің артынан мұралық іс ашылуына байланысты осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қ., Сама ш/а, 1/2-үй, 20-кеңсе мекенжайы бойынша хабарласуыңызды сұрайды.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6160 дана
Апталық таралым 12320 дана

Тапсырыс № 171 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31



ҚазПИ-дегі көркем графика факультетінің студенті – Исатай

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ ТАҒДЫРЛАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

«История КПСС» пәнінен лекция оқып жатқан Қасенов ағайымыз тәртіпке шақырды. «Тыныштарыңдар! Сендер жоғары оқу орнының студентісіңдер, сондықтан ана көшедегілерге қосылмаңдар! Олар бұзақылар, сендер болашақ интеллигентсіңдер!» – деп лекциясын ары қарай жалғастырды, бірақ көп ұзамай сарт етіп есік ашылды да, бес-алты қазақ жігіті мен екі-үш қыз кіріп келіп жарыса сөйледі: «Қазақтар, барсыңдар ма? Жігіттер, қыздар, жүріңдер! Көшеге шығыңдар! Орталық алаңға барамыз, Қонаевты орнынан алып тастапты» – деген дауыстар саңқылдап жатты.

Алдыңғы орында отырған Нұрғанат атып тұрып:

– Что такое? Кто вы такие? – деп үлгергенше, дереу бір жігіт қасына жетіп келді де:

– Қазақсың ба? Неге орысша сөйлейсің? – дегені сол еді, қасындағысы Нұрғанатты бір қолымен жағасынан ұстап, өзіне қарай тартты да басымен періп қалды. Оның мұрнынан қан сау ете түсті. Ағайымыз қағаз, қаламын жинап алды да, ақырын басып есіктен шығып кетті.

Сол сәтте ұзын бойлы, иықты келген, мығым денелі бір жігіт:

– Қазақтар! Алаңға кеттік! – деп айқай салды.

Біз дүр етіп көтеріліп дәлізге шықтық. Қаптаған қазақ жігіттері мен қыздары. Сабақ беретін, басшы мұғалімдердің бірі жоқ, кейін білдік, бәрі кафедраға кіріп ішінен бекітіп алып сонда отырыпты. Есік алдында 60-70-тей адам жиналып, Орталық алаңға тарттық. 28 панфиловшылар паркін кесіп өтіп, Горкий көшесіне шықтық. Парктегі «Мәңгілік алау» ескерткішінің қасында 100-ге тарта милиция бізді біраз бөгеп тұрды, кейін жол берді. Сол екпінмен барып «Отырар» қонақ үйінің алдына бір-ақ тоқтадық. Бұл жерде 200-300-дей жастар жиналыпты. Көшенің ортасында троллейбусты тоқтатып қойыпты. Үстінде 3-4 жігіт тұр, кезек-кезек сөз сөйледі. Есімде қалғаны:

– Жігіттер! Қыздар! Орталық алаңға барамыз! Тәртіп сақтаңыздар! Бейбіт демонстрация жасаймыз! Бұл біздің орталық үкіметке наразылығымыз. Тек қана бейбіт демонстрация! Ешқандай тәртіпсіздік болмасын!

Бұны айтқан 30-40-тар шамасындағы жігіт ағасы еді, бас киімін қолына сығымдап ұстап алған. Көпшілік ду етіп қолдау көрсетті. Әрі қарай бәріміз қол ұстасып жүріп кеттік.

Қазіргі Арбаттың маңайына жақындағанда бір оқыс жағдай болды. Алдыңғы жақтан айқай-шу, шыңғырған дауыстар шығып, «Шетке қашыңдар!» – деген дауыс естілді. Көпшілік қақ жарылды. Енді байқадық – ортада көк түтіні будақтап, қар тазалағыш көк трактор біздерге қарсы бар жылдамдықпен келе жатты. Трактордың алдыңғы және артқы жағындағы қар тазалағышы шыр айналып, пышағы жаландаған қасапшы секілді көрінді. Абырой болғанда бәрі шетке ығысып үлгерді. Ал, көзі қанталаған тракторшы бұрылып алып, қайта шабуылға шықты. Түтіні бұрқырап, оңды-солды жайпап келеді.

– «Өлеміз бе?! Тоқтатыңдар!» – деген дауыстар жан-жақтан шығып жатты.

Бір-екі қыздың қорыққаннан жан дауысы шықты. Сол-ақ екен, тракторға қарсы бетонның сынығы, кірпіштің сынығы, әркім қолына ілінгенін қарша боратты. Есік-терезесі быт-шыты шыққан трактор бағытынан жаңылып, жол шетіндегі бордюрден асып барып арыққа түсіп шоңқиды. Тракторист кабинадан жұлып алып бір демде тепкінің астына алды. Трактордың әлгі қар тазалағышы әлі де бар жылдамдықпен айналып жатты. Жан-жақтан милиция мен ДНД (добровольная народная дружина) қаптап келіп тракторист орыс жігітін көтеріп алып кетті. Байқағаным, милиция мен ДНД құрамы тек славян тектілер еді.

Қайтадан бәріміз қол ұстасып, ұрандатып, Шәмші ағамыздың атақты «Менің Қазақстаным» өлеңін айтып, ары қарай шеруімізді жалғастырып әкеттік. Мен алғаш рет осы кезде белгісіз бір түйсік арқылы – ұлттық рухты жандүниеммен сезініп, көзіммен көрдім. Бұл ештеңемен тең келмес алапат та асқақ сезім еді. Әсіресе, қыздардың батырлығы мен жасындай жарқылдаған ұлтжандылығына тәнті болдым. Орысша оқығандарының өзі, сондай бір естігенде жанға жағымды акцентпен, асқақ дауыспен, «Менің Қазақстанымды» шырқағанда, жүздері, бүкіл жан-тәні «Елім!», «Жерім!», «Қазағым!» – деп елжірегенін түйсіндім.

...Кейде теледидардан атағы дардай ел ағаларының аталы сөздің орнына, өзінің шыққан тегі, қазақты жамандауы көңілді құлазытады. Сондай бір келеңсіз сәттерде желтоқсанның жасындай жарқыраған жігіттері мен қыздары есіме түссе, жандүнием түлеп, көңілім жадырайды. Иә, жаңағы жалған «данышпансымақтар» олардың бір тал шашына да татымайды ғой... Бұл да бір, өмірдің солақай сәттерінің көрінісі-ау, сірә?!...

Содан әрі орталық алаңға жақын қалғанда мұздай қаруланған әскерлер тосқауылына жолықтық. Сіресіп тұр, бейне бір тас қамал. Екі жағымызда анталаған милиция мен ДНД, біз қоршауда қалдық. «Енді бізге жол бермейді, топ-топ болып тараңдар! Күш қолданса шығын болады, қыздарға обал! Қашыңдар!» – деген дауыстар бірден-бірге лезде тарала бастады. Оны айтқан бағанағы троллейбуста сөз сөйлеген жігіт ағасы еді.

Сол-ақ екен көзді ашып-жұмғанша теңіз толқынындай толқыған қалың жастар алдымызда тұрған милицияларды шебін жайпап өтті. Көпшілік алдыға лап қойды. Сол дудың арқасында біршама жастар орталық алаңға кіріп үлгердік. Сол бір аласапыран қалың нөпірде Ерікке кездесіп қалдым, Сарыбелдікі.

Амал қанша қолында дубинка, әйнек щиттары бар екінші тосқауыл бізді қайтадан сыртқа ығыстырды. Айғай-шу, алысып-жұлысқан біріңді-бірің ұқпайтын қырғынның ішінде қалдық. Алысып, айғайласып жүріп шағын аралдай болған бір шоғыр топ, біздер бір шетке шықтық. Көп қабатты үйлер, темір қоршаулар, ағаштар... қай жер екені есімде қалмапты. Ол кезде әскерден келіп, ауылдан барған біздер Алматыны да жақсы білмейміз ғой. Осы бір жайсыз жағдайдан кейін әскер саны көбейіп, қоршау тарылып, жағдайымыз қиындады. Біршама уақыттан соң топқа бөлініп қаша бастадық. Қай жер екені есте жоқ, көше-көше, бұлың-бұлыңмен жүріп отырып кеш кіре жатақханаға да жеттік-ау. Үстіміздегі киімнің де далаған иттер... Азан-қазан, айғай-шу, орысша балағаттаған небір боқтық сөздер. Өңкеңдеп жүгіріп келген ДНД-ні сұлатып салдым. Арақтың иісі мүңк ете қалды. Қизат біреуін теуіп құлатты.

Ұмар-жұмар жұлқыласып жатқандар, айнала түсініп болмайсың. Бір жігіттің жан дауысы шықты, дубинка тиді ғой деймін, «Қашыңдар! Қашыңдар!» Тобымыздың быт-шыты шықты, Қизат екеуміз қол ұстасып қаштық, әйтпесе қараңғыда адасып қалатын едік. Бет алған жаққа әйтеуір өкпемізді қолға алып жүгіріп келеміз. Айғай-шудан ұзаған соң, біраз отырып демімізді алдық. Содан жатақханаға жақындағанда, жолдан Бекенді жолықтырдық. Жатақхананың арт жағынан келіп екінші қабаттың балконына таядық, екеуін иығыма көтеріп шығарып жібердім. Менің кезегім келді, бірінші қабат терезесінің решеткасынан өрмелеп балконға ілінсем, екеуі екі қолымнан тартып көтере алмайды. «Ей, зіл қара тассың ғой» – деп қояды Бекен. Екі-үш қайтара салбырап тұрып, жерге құладым. Терезенің решеткасы жұлынып кетті, әл бітті. Сөйткенше бұрыштан бір топ адам маған қарай жүгіріп келе жатты. Іштей ойладым: «Бітті бәрі! Соққы, дубинка, түрме...» Жақындағанда Қизаттың дауысы қаттырақ естілді: «Біздікілер» деді. Жүгіріп алдарынан шықтым, 4-5 ААСИ-дің жігіттері екен. Ентігіп тұрып: «Жігіттер! Екінші қабатқа көтеріп жіберіңдерші!» – деп едім, сөзге келмеді, тік көтеріп балконға шығарып жіберді.

Жатақхана бұрышынан бір топ ДНД мен екі милиция жүгіріп шықты. Үшеуміз апыр-топыр ішке ендік, асхана екен. Одан әрі қыздардың бөлмесіне кіріп, үсті-басымызды ретке келтіріп, киімнің жыртылған жерлерін қыздарға тіктіріп алдық. Дәл сол кезде теледидардан Мұқашев деген кісі сөз сөйлеп жатқан. Іле-шала студсовет кіріп келді, бізден біраз жас үлкен қырғыз жігіті болатын, өзі коммунист. Бізге тиісе сөйледі: «Қайда жүрсіңдер? Тексеру болды, сендер бөлмелеріңде жоқсыңдар ғой, жазып алып кетті» – деп үдеп барады. Біз де қабағымызды түйіп, зілді дауыспен: «Қойсаңшы!» – деп, тіке қарадық, – «біз осында қыздармен шәй ішіп отырдық, ешқайда бармадық!». Ол жасқаншақтап, көзін тайдырып әкетті де, бірден түсіне қойды. Қайтіп ауыз ашпастан айналып шығып кетті. Сайлау да келіп үлгеріпті, тек Тілек қана жоқ. Түнімен уайымдап шықтық. Ертесі түс ауа келді, ол түнгі аласапыранда милицияға ұсталып қалыпты. Абырой болғанда: «Мені аялдамада ұстап алды, автобус күтіп тұрған едім», – дегеннен танбапты.

Ертесі 17 желтоқсан. Жатақханада бәрімізді тізімдеп, тексеріп, қатаң ескерту беріп, сабаққа жөнелтті. Аудиторияда да тексеру, абыр-сабыр, әйтеуір «сабақ» деген аты ғана. Бір пардан соң «сені шақырып жатыр» – деді. Жүгіріп дәлізге шықсам, біздің жатақханада тұратын, көрші бөлмедегі Бақытжан екен. Ол бірақ басқа оқу орнында оқитын, қасында түрі бозарып, әбіржіп кеткен анам тұр. «Тәте, қайдан жүрсіз?» – дегенім сол, «Құлыным-ай, аман-сау екенсің ғой!» – деп, бас салып құшақтап сүйіп жатыр. Дауысында діріл бар, әбден уайымдағаны көрініпақ тұр. Ұрпағы үшін от пен су түгілі, тозаққа да қаймықпай кіретін қайран ана жүрегі-ай! Мына дүниеде саған тең келер құдірет жоқ-ау, сірә!



Сол жақтан бірінші:
Сайлау, ортада мен, Қизат, түрегеп тұрған – Бақытжан.

«Желтоқсан оқиғасына қатысқан 8500-ге жуық адам жазаланды. Толық емес мәліметтерде 1720 адам жарақат алған. Су шашып, жер бауырлап жатқызғаннан, қала сыртына апарып тасталғаннан ауырғандар есепке алынбады. ІІМ жүйесінен 1200 адам жұмыстан қуылды. 12 ЖОО-ның ректоры орнынан түсіріліп, 246 студент оқудан шығарылды, 99 адам сотталып, екеуі өлім жазасына кесілді» М.Шахановтың Швеция, Англияның бірқатар университетінде оқыған дәрістерінен.

(«Жалын», №1.1991ж)

Тоғыз ұл, бір қыз – онымызға өмір сыйлап, біздің қуанышымызға қуанып, ренішімізге қамығушы едің... Мейірімің мен ерлігіңе мың тағзым, анашым! Сөйтіп мені көзімен көріп, көңілі орнына түскен анамды «Сайран» автобекетінен Жаркентке шығарып салдым. Жатақханаға келіп, біраз жүрген соң, совхоз Алатауға Нұрғанаттың үйіне тартып кеттім. Кешегі жағдайдан соң не болғанын білейін деген ой келді. Себебі, оның әкесі Әнуар мен шешесі Әйкен тәте мені өз туыстарындай көруші еді. Ағаның өзі органда қызмет етеді. Әйкен тәте қолында үтік, жарқылдай қарсы алды. Амандықтан соң, тәтеміз «Қали үйге кір, әне бір батыр жатыр, танысыңдар» – деді. Түпкі бөлмеге өтсем, төрден шашы қалың, қайратты, сом денелі, жүзі келісті жігіт басын көтерді, мен қол беріп амандастым, ол қолын созғанда ыңырсып, ауырсынып кетті. Енді байқадым, бір жақ шекесі, білегінде, иығында домбыққан ісік бар екен. «Не болды?» – деген сұрағыма, «дубинка ғой» – деп, қысқа жауап қайтарды. Таныстық. Есімі Исатай, Атыраудың Балықшы ауданынан екен. ҚазПИ-дің худграфында оқитындығын, алаңда болғанын айтты.

...Орталық алаңдағы сұмдық оқиға жайлы осы Исатайдан естідік. Өрімдей жас қыздар мен жігіттердің қалай соққыға жығылғанын, қар үстінде тізерлеп, етпеттеп сағаттап жатқызғанын, қыстың қақаған аязында, өрт сөндіргіш машинадан қалай су шашқанын, одан қалса дубинкамен соққылап, автобустарға малша тиегенін, белгісіз жаққа алып бара жатқанда, осы жүйіткіп келе жатқан автобустан «ақыры бір өлім ғой» деп, терезесін шағып жанжаққа секіріп, қашқандарын айтты. Сол әл-Фарабидің бойында, автобустың артынан келе жатқан солдаттар да машинадан түсіп итпен қалай қуалағандарын, олардан әзер дегенде қашып құтылып, көпір астында су ішінде бірталай уақыт тығылып жатқанын естігенде жағамызды ұстадық...

«Үсті-басымды көріп ешкім жоламайды», – дейді Исатай. Енді үсіп өлетін болдым-ау дегенде Әйкен тәтеге жолығыпты. Жағдайын айтқан екен, тәтеміз дереу үйге ертіп келіп киімін түгел сыпырып алып жуып, оған ағаның киімін кигізіп орап жатқызып қойыпты. Мен келгенде сол Исатайдың киімін үтіктеп жатқан кезі екен. Кешке қарай Әнуар аға да жұмыстан келді. Түнде Қарғалы жақта кезекшілікте болғанын, көптеген қыз-жігітті босатып жібергенін, қолынан келген бар көмегін жасағанын айтты. Әнуар ағаның өзі милицияда жүрсе де, бұл саяси оқиғаны сөз жүзінде де, іс жүзінде де, жан-тәнімен қолдайтынын сездім, іштей риза болдым. Ұлтжанды, озық ойлы азамат қой біздің Әнуар ағамыз!

«Бүгін осында қонасыңдар, екеуің де ешқайда бармайсыңдар» – деп Әнуар аға кесіп айтты. Ертесі үй иелеріне алғысымызды айтып, орталыққа келдік, Исаға КазПИ-ге, мен Техқа сабаққа кеттік. Содан мен оқудан шығып, Алматыдан кеткенше Исатаймен жақын дос болып кеттік. Үйленгенде Исатай маған күйеу жолдас болды. Достығымыз бен сыйластығымыз жарасып, талай қызықты бірге өткіздік, туған бауырдай болдық.

Одан кейін институтта жиналыс басталды. Тілекті комсомолдан, кейін институттан шығарды. Бұл іс-шара сол кездегі жастар үшін психологиялық тұрғыдан өте қатты соққы еді. Тілектің жағдайы өте қиын болды. Оны оқудан шығарғаннан кейін, көп ұзамай үйіне іздеп бардық. Қатты уайымдағаннан анасы ауруханаға түсіпті, Тілек күндіз-түні сол анасының қасында екен, жүйкесі сыр берген көрінеді. Тілекті жолықтыра алмай, анасын аяп, егіліп жылаған әпкесін көріп, салымыз суға кетіп, көңілсіз қайта оралдық. Бұл жағдай біздер үшін де оңай болмады. Кейіннен әртүрлі себептермен Сайлау, мен, Қизат үшеуміз оқудан шығарылдық.

Оқудан шығып қалып, көңіл құлазыған жайсыз күндердің бірінде Әнуар ағамыздың үйіне бардым. Амандық саулықтан кейін сөзіміз жараса қоймады. Әнуар аға біраз үнсіздіктен кейін «Жүзің солғын ғой, не болды?» – деді. Мен бейне бір қылмыскердей жерге қараған күйі «Оқудан шығып қалдым» дедім. Сол кезде істеп жүрген жұмысын доғара салып, әріректе жүрген Әйкен тәте қасымызға келді. «Оу, Қалеш, қарашы ана Алатауға?!» деп саңқ етті. Мен көзімді сығырайтқан қалпымда алыстағы Алатауға бетімді бұрдым. Көрдің бе, ана тауды: атам қазақ айтқан «Алатау бірде қарлы, бірде қарсыз, ержігіт бірде малды, бірде малсыз» деп, түсірме ұнжырғаңды, жігіт емессің бе?!» – дегені. Сол сөздің әсерінен денем жеңілдеп қалғандай, бойымды тіктеп, кеудені кере дем алдым, ой-санамда үлкен бір серпіліс пайда болды...

«Расында да, аға-тәте бір жақсылап шәй ішейікші», – дедім, екеуіне кезек қарап. Күлімдеген Әйкен тәте «Енді әңгіме басқаша», – деп, дастарқанға жүгірді.

Тектілік деген осы, адам жанын сезініп, түсіне білетін Әйкен тәте, ардақты Әнуар аға тағдырымыз тоғыстырған сол бір қилы кезеңдегі сіздердің адамгершіліктеріңіз біздің мәңгі есімізде. Сонымен қатар Технология институтында қазақ жастарының құдалануына, оқудан шығарылуына Жамбылдан ауысып келген оқытушы Мұхаметкалиев пен деканның орынбасары Ретивов көп «еңбек» сіңірді. Сонда сол ағаларымыз көптеген жастың келешегіне балта шаптық-ау деп ойлады ма екен? Осы сұрақ қанша жыл өтсе де, әлі көкейімнен кетер емес.

Желтоқсанның шындығын айту – өткенді еске алу ғана емес, келер ұрпақ алдындағы парыз. Желтоқсанда жапа шеккен бірде-бір адамның тағдырын ұмыт қалдырмауымыз керек. Себебі олардың әділдікке деген үміті үзілгенімен, біздің тарихи жадымыз үзілмеуі тиіс.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»
Желтоқсан ардагері